

#ЖаңаҚазақстан

Жаңа Қазақстан, яғни Екінші республика – бұл шын мәніндегі демократиялық қоғам деген сөз. Президенттік жүйе сақталғанымен, Парламенттің рөлі және ықпалы едәуір күшейтіледі. Халқымыздың үні және пікірі анық естілетін болады. Мен Президент ретінде осы құқықтық реформадан ешқандай артықшылыққа я жеңілдікке ие болмаймын. Мақсатым – бүкіл қоғамда оң өзгерістер жасау, халқымызға жарқын болашақтың жолын ашып беру.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

#РЕФЕРЕНДУМ2022



ӨЗГЕРІСТЕРГЕ
ДАУЫС БЕРЕЙІК!

4

ТАРИХИ ТАНЫМ



ҚАСІРЕТ КҮНІ

9

БАЛАЛАР ЖЫЛЫ



БАЛАЛАР – БІЗДІҢ
БОЛАШАҒЫМЫЗ!

12

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

31.05.2022

Түнде:



+11+13 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта
жаңбыр, найзағай, бұршақ.

Күндіз:



+18+20 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта
жаңбыр, найзағай, бұршақ.



Желдің жылдамдығы:

5-10, найзағай кезінде екпіні 15 м/с

1.06.2022

Түнде:



+13+15 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта
жаңбыр, найзағай, бұршақ.

Күндіз:



+23+25 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта
жаңбыр, найзағай, бұршақ.



Желдің жылдамдығы:

5-10, найзағай кезінде екпіні 15 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №60 (6195) 31 мамыр, сейсенбі, 2022 жыл.

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

СӘТ САПАР!

Алматыда 2 жаңа метро бекеті ашылды



Шаһарда «Сарыарқа» және «Бауыржан Момышұлы» метро бекеттері салтанатты түрде ашылып, қолданысқа берілді. Ашылу рәсіміне мегаполис әкімі Ерболат Досаев, Бауыржан Момышұлының келіні Зейнеп Ахметова және метро қызметкерлері, т.б. қатысты.

2

КІТАП ЖӘРМЕҢКЕСІ

КӨРМЕ КӨҢІЛДЕН ШЫҚТЫ



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБЕЙ.

Алматыда 28–30 мамыр күндері «Алматы кітап
жәрмеңкесі» атты көрме-жәрмеңке өтті.

6

ҚЫСҚА...

- Қазақстанда 2 миллионға жуық бала жазғы мектепте оқып жатыр.
- Биыл цифрлық майнингтен бюджетке 652 млн теңге түсті.
- Алаш зиялыларына арналған мемориалдық кешен салынады.
- Ел азаматтарының 76%-ға жуығы Ата Заңға түзетулер енгізуді қолдайды.
- 2,5 млн-ға жуық қазақстандық тегін дәрі-дәрмек алады.
- Қазақстанда әскери қызметшілердің зейнет жасы ұлғаяды.

www.almaty-akshamy.kz



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМҒА 6 КҮН ҚАЛДЫ.
ӘРКІМНІҢ ДАУЫСЫ МАҢЫЗДЫ: ӨЗГЕРІСТЕРГЕ ДАУЫС БЕРЕЙІК!



ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

(Басы 1-бетте)

Шараға қатысушылар алдымен «Сарыарқа» бекетінде болып, «Бауыржан Момышұлы» атындағы бекетке дейін метро арқылы жүріп өтті.

«Баршанызды осы мерекемен құттықтаймын! Бұл – біздің мегаполис үшін көптен күткен қуанышты оқиға. Сіз жергілікті жердің күрделі тау-геологиялық және сейсмикалық жағдайларын ескере отырып, өте күрделі әрі көлемді жұмыс істедіңіздер. Сіздердің еңбектеріңіз бен жоғары кәсібиліктеріңіздің арқасында Алматыда тағы жаңа екі метро бекеті пайда болды. Мен бұны біздің қаламыз бен тұрғындарымыз үшін өте маңызды оқиға деп санаймын. Мәселе 50 мыңнан 85 мыңға дейін ұлғаятын жолаушылар легінде ғана емес, қаланың әлдеқайда жайлы болатындығында, бәрімізді аландатып отырған трафиктің дұрыс шешім табатындығында.

Қалада метро желісін кеңейту бойынша ауқымды жұмыстар жалғасады. 2025 жылы «Қалқаман» бекетінің құрылысын аяқтау жоспарлануда, метро желісін дамыту батыс бағытта «Барлық» базарына дейін ұлғаяды. Бұл аудандар тұрғындары үшін ыңғайлы жолаушылар тасымалын ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Өткен жылы Алматы метрополитені өзінің алғашқы үлкен және маңызды мерейтойын – 10 жылдығын атап өтті. Осы уақыт ішінде білікті еңбек ұжымы құрылып, жас мамандар оқытылып, дайындалды. Екі станцияның іске қосылуымен қосымша 200 жұмыс орны құрылды. Алматы метрополитені біздің қаламыздың маңызды және ажырамас бөлігі, ыңғайлы және жайлы қоғамдық көлік түріне айналды. Бүгінгі ерекше күні жеке өзімің және қаламыздың тұрғындары атынан Сіздерге мегаполистің жолаушылар көлігін дамытуға қосқан үлестеріңіз үшін алғыс білдіремін және жұмыста табыс, зор денсаулық әрі бірлік пен береке тілеймін!», – деді шаһар басшысы.

Іске қосылған 2 жаңа метро желісінің жалпы ұзындығы 3,1 шақырымға ұзарып, 13,4 шақырымды құрады. Желі бойына 7–10 минут сайын жүретін 4 вагонды 15 электр пойызын жіберу жоспарланған.



Суреттерді түсірген Самағ СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Айта кететін жайт, «Мәскеу» бекетінен кейінгі жаңа «Сарыарқа» бекеті Абай даңғылы бойында, Алтынсарин даңғылы мен Саин көшелерінің аралығында орналасқан. Бекеттің ішіндегі интерьерін жасау кезіндегі негізгі мақсат – Сарыарқаның шексіз кең даласын көрсету болды. Қабырғалары мәрмәр тастармен құрастырылып, гранитпен өрнектелген. Ал «Бауыржан Момышұлы» бекеті Абай даңғылы бойында Б.Момышұлы көшесінің батысында орналасқан. Алматы метро желісінің 11-бекеті әзірге соңғы бекет болып саналады.

«Атам марқұм бір кездері «мен о дүниелік болсам да тірілердің арасында жүремін» деген еді. Ата өмірден өткелі 40 жылға жуықтады. Содан бері батыр атамды құрметтеп, есімін аспандатып, еліміздің жерінде мектептің, көшенің атын берді.

Нұркен ӨТЕГЕНОВ, «Метропроект» ЖШС бас инженері:

– Бүгін қала тұрғындары үшін ғана емес, еліміз үшін қуанышты күн. 2 жаңа метро бекетінің құрылысы 2015 жылы басталды. Құрылыс жұмыстарын қаржылық жағдайға және пандемияға байланысты жоспарлаған мерзімнен кешігіп аяқтадық. Бұрын метродағы жолаушылар тасымалы күніне 45 мың болатын. Енді қолданысқа берілген 2 метро бекетпен жолаушылар тасымалы 2 есеге, яғни 85 мыңға көбейді. «Сарыарқа» бекетінде 2 жеделсаты, 8 эскалатор болса, «Бауыржан Момышұлы» бекетінде 6 кіру есіктері және 15 эскалатор бар. 2 бекетке метро арқылы 2 минут жүреді. Қазіргі күні «Қалқаман» бекетінің жобасы жүргізіліп жатыр. Құрылысы басталды, 2025 жылы аяқтап, тұрғындар игілігіне беру жоспарда бар.

Бүгінгі метро бекетке де аты берілуі атаның тірілердің арасында жүргендігінің белгісі деп есептеймін. Алматы метросы ашығалы бері мен бірде-бір рет метроға мініп көрмеппін.

Міне, бүгін атамның атындағы жаңа бекетке метро арқылы келіп отырмын. Тарихи тұлғалардың есімі ұлықтала берсін», – деді Зейнеп Ахметова.

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

БОС ЖҰМЫС ОРНЫ БАР
ТЖД өрт сөндірушілер мен жүргізушілерді
жұмысқа шақырады

Алматы қалалық Төтенше жағдайлар департаментінде 288 бос жұмыс орны бар. Ведомства мәліметінше, ҚР Үкіметінің қаулысына сәйкес осы жылдың басынан бері Алматы қаласы ТЖД-нің өрт сөндіру мен апаттық қызметінде штаттық жұмыс орны артқан. «Осыған байланысты қатардағы және кіші басқарушы құрамды қосқанда 288 бос орын бар. Атап айтқанда, өрт сөндірушілер, жүргізушілер керек», – дейді департаменттің өрт сөндіру қызметі кадр басқармасы бөлімінің бастығы Ақжол Әбілғазимов.

ТЖД өкілі азаматтық қорғау органдарына жұмысшылар қандай тәртіппен іріктеп алтынатынын айтып берді.

«Біздің қызметке 18 бен 35 жас аралығындағы азаматтар жұмысқа орналаса алады. Олар әскери борышын өтеген немесе ҚР-ның заңына сай әскери міндетін кейінге шегерген болуы керек. Білімі орташадан

төмен болмауы тиіс. Сондай-ақ, кәсіпкерлікпен айналыспайтын және қылмыстық жауапқа тартылмаған болуы шарт. Азамат өзінің жеке және іскерлік қасиеттерімен дене дайындығы мен денсаулық жағдайы бойынша өзіне жүктелген қызметтік міндеттерді орындауға қабілетті болуы керек», – дейді Ақжол Әбілғазимов.

Өрт сөндіру қызметінің болашақ сарбаздарын алғаш оқыту Мәлік Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғаныс академиясының оқу орталығы базасында өтеді. Өрт сөндірушілер үшін бастапқы кәсіби дайындық – 35 күнтізбе күн, жүргізушілер үшін – 14 күн, өзге қызметтер бойынша – 7 күн. Оқу орталығына қатысып жатқандар үш уақыт тамақпен және жатын орынмен қамтамасыз етіледі. Оған қоса, 94 325 – 127 418 теңге көлемінде еңбекақы төленеді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ЭКОЖАСАҚ

ЖАСЫЛ ЕЛ – ТАЗА ҚАЛА

Абай атындағы ҚазҰПУ базасының М.Әуезов атындағы спорт кешенінде «Жасыл ел» студенттік еңбек жасағының ашылу салтанаты өтті.

Гүлжанат
МАРАТҚЫЗЫ

Аталмыш шараға Алматы қаласы Жастар саясатын дамыту мемлекеттік қорының директоры А.Ауғанбаева, Жастар ресурстық орталықтары өкілдері, Жастар ісі жөніндегі басқарма – студенттік өзін-өзі басқару органдарының төрағалары мен «Жасыл ел» еңбек жа-

сағы сарбаздары қатысты. «Биыл Алматы қаласы бойынша 1900 жас жұмыспен қамтылады. 8 әртүрлі экологиялық акциялар өткізіліп, экоотрядтар құрылмақ. Аптасына 2 рет рейд ұйымдастыру жоспарда бар. Бүгінгі шара аграрлық университетте, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да жалғасын табады», – деді Алматы қаласы Жастар саясатын дамыту мемлекеттік қорының директоры Алма Ауғанбаева.

БҮГІН – ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ТЕМЕКІСІЗ КҮН

ШЫЛЫМҒА ҚАРСЫ КӨРМЕ

Еліміздің 10 қаласында «Темекі туралы барлық шындық» интерактивті көрмесі өтеді

Жыл сайын 31 мамырда бүкіл әлем жұртшылығы Дүниежүзілік темекісіз күнді атап өтеді. Бұл күнді Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы 1988 жылы ресми түрде жариялаған болатын.

Темекі эпидемиясы – адамзаттың денсаулығына елеулі қауіптердің бірі. Жыл сайын одан 8 миллионнан астам адам қайтыс болады. Олардың 7 миллионнан астамы – тұтынушылар мен бұрынғы темекі тартқандар, ал 1,2 миллионнан астамы – темекі шекпесе де темекі түтінінің әсеріне ұшырағандар.

Бұл күн барлық адамдардың, барлық елдердің назарын денсаулыққа үлкен зиян келтіретін және өлімге әкелетін темекі шегу проблемасына аударуға арналған.

Темекі шегу терінің, тырнақтың, шаштың жағдайын нашарлатады, тістерді бұзады, ауыздан, киімнен жағымсыз иістің шығуына әкеледі. Темекі шегу өкпенің қатерлі ісігі, инфаркт сияқты өмірге қауіпті аурулардың дамуымен тікелей байланысты.

Жыл сайын бұл күні әртүрлі іс-шаралар өткізіледі. Олар: Ашық есік күндері, акциялар, конференциялар, дәрістер, көрмелер, темекі шегудің зиянды әсері туралы халықтың хабардарлығын арттыруға және темекі шегуден бас тартуды насихаттауға бағытталған челленджер.



31 мамырда Қазақстан бойынша – Тараз, Түркістан, Семей, Павлодар, Екібастұз, Өскемен, Қостанай, Көкшетау, Петропавл, Жезқазған, Орал қалаларында «Темекі туралы барлық шындық» интерактивті көрмесі өтеді.

Ол Қызылордада сағат 16.00-де қалалық орталық мәдениет және демалыс саябағында басталады, одан кейін көрме Б.Шөкенов атындағы саябақта және Тұңғыш Президент саябағында жұмысын жалғастырады, онда ол 4 маусымға дейін жұмыс істейді, содан кейін көрмені ұйымдастырушылар Қазақстанның басқа қалаларын аралауды жоспарлап отыр.

Осынау маңызды шараны ұйымдастырушылар: ҚР ДСМ Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығы, «Темекі түтінінен азат Қазақстан үшін» ұлттық коалициясы, Қызылорда облыстық денсау-

лық сақтау басқармасының «Облыстық жастар денсаулығы орталығы» коммуналдық мекеметтік мекемесі.

Темекіні, вейпті, IQOS пен Glo-ны тұтынудың зардаптары туралы интерактивті көрменің экспонаттарынан танысуға болады және осы бағдарлар жайлы маман-кешесшілер де дәріс өткізетін болады.

Темекі шегудің алдын алу және салауатты өмір салтын насихаттау бойынша тренингтер өтеді, сонымен қатар темекі шегуден бас тарту жөнінде психологтардан тегін кеңес алуға болады.

Жылжымалы көрме жұмысының өтетін орны мен уақыты туралы қосымша хабарланатын болады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз:
ҚР ДСМ ресми сайты).



31 МАМЫР – САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ЖӘНЕ АШАРШЫЛЫҚ ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ

БАСТЫ КЕДЕРГІ – ІЗДЕУШІЛЕРДІҢ ЖОҒЫНДА

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы «Сөздің ең ұлысы – тарих» депті. Тарих іздену мен зерттеуден ғана тұрмайды, сондай-ақ ақтауды да қажет етеді.



Мамырдың соңғы күні – Саяси қуғын-сүргін мен ашаршылық құрбандарын еске алатын азалы күн. Халыққа қарсы жасалған геноцид құрбандарын еске алу күні күнтізбеге басылып, ресми түрде аталып келе жатқанына биыл 25 жыл. Арада ширек ғасыр өтсе де, сол зұлмат кезеңнің әлі де ашылмаған ақиқаты жоқ емес.

Қуғын-сүргін көрген, ашаршылықтан қаза тапқандарды еске алу күні қарсаңында Алматы қаласы бойынша саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның мүшесі Болат ЖОЛАМАНҰЛЫМЕН қуғын-сүргін құрбандарына қатысты әңгімелескен едік.

– Ел Президенті құрбандарды толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия құрып, осы бағытта арнайы тапсырма берген болатын. 2 жылдай уақыт өтті. Осы іске қатысты қандай шаралар атқарылуда?

– Қала әкімінің былтырғы өкімімен Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі қалалық комиссия құрылып, онда 38 адам жұмыс істейді. Оның құрамына жетекші ғалымдар, тарихшылар, мұрағаттардың, ғылыми-зерттеу институттарының қызметкерлері, мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесінің өкілдері және т.б. кіреді.

Туыстары қуғын-сүргінге ұшыраған және ақталмаған азаматтармен қабылдаулар мен кездесулер кестесі ұйымдастырылды. Комиссияның жұмыс топтарының мүшелері 12 археологиялық экспедиция жүргізді. Сондай-ақ, Ресей Федерациясының Мемлекеттік мұрағаттарында, Мәскеу, Уфа, Самара, Қазақстанның облыстық мұрағаттарында, Алматы облысының мұрағаты және мұражайлар қорларында жұмыс жүргізілді.

Отбасылық мұрағаттарды, жазба естеліктерді зерделеу үшін қалалық комиссия мүшелері мен қаланың студент-жастары арасынан еріктілер тобы құрылды. Еріктілердің қатысуымен Алматыда тұратын қуғын-сүргінге ұшырағандардың туыстарымен және жақындарымен байланыс орнатылды.

2022 жылдың бірінші тоқсанында Алматы қаласының арнайы мемлекеттік архивтерінде, Қазақстан Республикасы Президентінің архивінде, Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивінде іздестіру-зерделеу жұмыстары жүрді. Басты назар бұрын зерттелмеген «Құқығынан айырылғандар», «Тергеудегілер», «Тұтқындар» санаттарына аударылды.

Алаш қозғалысы қайраткерлерінің санаты бөлек жұмыс тобына жүктеліп, басқа санаттар бойынша да ізденістер жалғасуда.

– Қазіргі күні құрбандардың тізімін анықтау, зерттеу жұмысындағы негізгі кедергі не?

– Өңірлік пен мемлекеттік комиссия мүшелері осы жұмыс бойынша нақты ұсыныстарымызды бергенбіз. Енді республика көлемінде негізгі мәліметтерді бір орталыққа біріктіру мәселесі тұр. Қуғын-сүргінге тап болған адамдар әр өңірден ұсталған, сондықтан бұрындары құжаттар жабық болатын болса, бүгін олардың бәрін қарауға, зерттеуге кедергі жоқ. Қауіпсіздік комитетінің, Ішкі істер органдарының архивтерімен жұмыс істеуге рұқсат берілді. Біздің жұмысымыз ақталмаған, ақтауға жататын адамдарды тауып, заңдық негізі болса ұсынамыз. Заң тұрғысынан ақталуға жата ма, ол жағын анықтап айналысатын прокуратура өз шешімін айту керек.

Қиындық пен кедергі де жоқ емес. Ол – құрбан болған адамдардың артында іздеушісі қалмағаны. Ірі қайраткерлер болса, олар туралы құжаттар молынан сақталған. Ал қарапайым адамдар салық төлемегені үшін, саудамен айналысқаны үшін дейік, сотталып, жазаға ұшырағандар мүлдем ескерусіз қалған. Әрине, 1 жыл ішінде анықтау мүмкін емес. Алматы қаласы бойынша астық, ет, т.б. дайындап, ұжымдастыру бойынша жазаланған қандай шаруалар болуы мүмкін деп алғашқыда күмәнданған едім. Зерттеу барысында Алматы қаласының өзінде тек астық даярлау, ұжымдастыру барысында сотталып, жазаға ұшыраған мыңдаған адам бар екеніне көзіміз жетті. Ол үшін Алматының 1920–1930 жылдардағы тарихын, тұрғындарының санын, құрамын, қала шекарасын, қандай шаруашылық аумақтардың кіргенін, т.б. жақсы білу керек. Осының бәрін зерттеу үстіндеміз.

– Құжаттардың негізгі дереккөзін қайдан аласыздар?

– Жұмыс топтарының мүшелеріне барлық мемлекеттік және қалалық мұрағатта, ҚМДБ-ның арнайы мұрағаттарында, полиция департаментінде, Алматы қаласының прокуратурасында жұмыс істеуіне жағдай

жасалды. 2022 жылдың бірінші тоқсанында Алматы қаласының арнайы мемлекеттік архивтерінде, Қазақстан Республикасы Президентінің архивінде, Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивінде іздестіру-зерделеу жұмыстары жүргізілді.

Ресей Федерациясының Мемлекеттік мұрағаттарында, Мәскеу, Уфа, Самара, Қазақстанның облыстық мұрағаттарында, Алматы облысының мұрағаты және мұражайлар қорларында жұмыс жүргізілді.

– Ақталғандар немесе ақталмағандар жөнінде нақты статистика келтіре аласыздар ма?

– Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі қалалық комиссияның 2021 жылы жүргізген жұмысының нәтижесінде Қазақстан мен Ресей Федерациясының мұрағаттарында 2500-ден астам іс сарапталып, саяси қуғын-сүргіннің ақталмаған құрбандары ретінде 652 тұлға анықталды.

2021 жылдың және ағымдағы жылдың бірінші тоқсанындағы қорытындысы бойынша арнайы архивтерде 1486 адам туралы мәліметтер, оның ішінде соттан тыс органдармен сотталған 762 адамның ақталмағандығы анықталған болатын. Бұл бағыттағы жұмыс жалғасуда.

– Бұрын да көп адам ақталды ғой, енді кімді ақтау керек?

– Иә, көбісі ақталған. Енді саяси қуғын-сүргін құрбандарының мына санаттары заңды әрі саяси жағынан міндетті түрде толық ақталуға тиіс. Қоғамдық-саяси, рухани, қызметтік, ғылыми, мәдени және шығармашылық салаларда мемлекеттік қудалау мен қуғын-сүргінге ұшырағандар саяси тұрғыдан ақталуға тиіс. Қазақстанның тәуелсіздігі үшін күрескен басқа қоғамдық-саяси қозғалыстар мен ұйымдардың қатысушылары, жекелеген қаһармандар, дінге қызмет еткені үшін саяси қуғын-сүргінге ұшыраған дәстүрлі дін өкілдері саяси тұрғыдан бағаланып, ақталуға тиіс. «Сопы» арнайы операциясы мен басқа да дінге қарсы науқандардың жүздеген, мыңдаған құрбаны әлі күнге дейін ақталған жоқ. Ал Ресейде бұл санат сонау 1996 жылы РФ Президентінің жарлығымен ақталды.

1917 жылдан бастап 1930-жылдардың ортасына дейін Қазақстанда кеңес үкіметін күштеп және заңсыз орнатуға, таптық, тектік, ұлттық және діни белгісі бойынша қудалауға қарсы, сондай-ақ

тәркілеу, ұжымдастыру, мал, астық дайындау жөніндегі және басқа да саяси науқандарға қарсы бой көтерген 372 ресми емес деректер бойынша 400-ден астам халық көтерілісіне қатысушыларға саяси баға беріп, олар да ақталуы керек деп санаймын. Барлық көтеріліс бойынша сотсыз, тергеусіз өлтірілген адамдардың жалпы санын анықтау аса маңызды.

– Мемлекет басшысы «100 мыңға жуық азаматымыз қуғын-сүргінге ұшырап, соның 20 мыңнан астамы атылды» деген деректі келтірді. Осылардың нақты санын анықтай алмай отыруымыздың себебі неде?

– Ғылыми түрде оқулықтарда ресми дерек ретінде «105 мың азаматымыз ұсталып, соның 25 мыңы атылды» деп жазып жүрміз. Қазір біз үшін тізімдерін анықтауда айтарлықтай қиындық жоқ. Барлық мәлімет орталықтандырылып жатыр. Ертең әр аймақ өздерінің зерттеу жұмысының нәтижесі ретінде анықтаған тізімдерін атын атап, түсін түстеп жібереді. Орталық комиссия қорытады. Сонда нақты ортақ саны шығады. Бұған дейін мұндай мүмкіндік болған жоқ. Мысалы, менің жұмыс тобым Алматыда байлар, кулактар, шаруалардың қаншасы жазаланып, сотталған, тіпті атылғаны туралы қорытынды мәліметімізді ұсынамыз. Қалғаны республикалық комиссияның күрделі шаруасы болмақ.

– «Туысым, ата-бабам осы жерде қуғынға ұшырап еді, әлі ақталмады» деп көмек сұрап келетіндер бар ма?

– Әрине, ондай адамдар жетерлік. Сол үшін де қала әкімдігі жанынан құрылған қалалық комиссияның «жедел желісі» бар. Былтырдың өзінде азаматтардан қуғын-сүргінге ұшыраған туыстары туралы ақпаратты іздеу бойынша 100-ден астам қонырау түскен. Ол бізге немесе архивке анықтау үшін бірден жіберіледі.

Отбасылық мұрағаттарды, жазба естеліктерді зерделеу үшін қалалық комиссия мүшелері мен қаланың студент-жастары арасынан еріктілер тобы құрылды. Сол еріктілердің қатысуымен Алматыда тұратын қуғын-сүргінге ұшырағандардың туыстарымен және жақындарымен байланыс орнатылды. Бұл бағыттағы үгіт-насихат жұмысын күшейтуіміз қажет.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан
Гүлжанат СЕМБАЕВА.



Стратегиялық 10 бастама:

ЕЛІМІЗДІҢ ӘКІМШІЛІК-АУМАҚТЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫН ЖЕТІЛДІРУ

Сегізінші стратегиялық бастамасында ел Президенті сайлау жүйесіне, Парламентті жасақтау тәртібіне өзгеріс енгізген кезде елдің әкімшілік-аумақтық құрылымын ескеру керектігіне маңыз берді. Мемлекетіміздің өркендеуі аймақтардың қуатты болуына тікелей байланысты болатындықтан, «Қуатты өңірлер – қуатты ел» деген ұстаным әрдайым өзекті болатынын айтты. Осы орайда халықтың қалауын ескеріп, бірқатар бастамасын ұсынды.

• Ең алдымен, Семей аймағында Абай облысын құруды ұсынды. Семей қаласы жаңа облыстың орталығы болады. «Осы мәселені аймақ тұрғындары көптен бері айтып жүргенін білемін. Қазір ол жақта шешімін таппаған түйткілдер аз емес. Мысалы, аймақтың ішкі инфрақұрылымы әбден тозған. Кезінде Алаш арыстарының басын қосқан Семей қаласының жағдайы да мәз емес. Біз тарихи әділдікті орнатып, ұлыларымыз дүниеге келген киелі өлкені қайта жаңғыртуға тиіспіз», – деді Президент.

• Бұрынғы Жезқазған облысының аумағында Ұлытау облысын құру ұсынылды. Мемлекет басшысы айтқандай, «Жезқазған қаласы қайтадан облыс орталығы болады. Бұл аймақта дербес облыс құру – экономикалық қана емес, рухани жағынан да маңызды шешім. Кең байтақ қазақ жерінің дәл жүрегінде орналасқан Ұлытаудың төл тарихымыздағы орны ерекше. Ел тағдыры шешілген ұлы жиындар осында өткен. Сарыарқаның төрінде орналасқан бұл аймақтың туристік әлеуеті өте зор. Оның өндірістік қуатын, логистикалық мүмкіндігін ұтымды пайдалану керек. Бір сөзбен айтқанда, біз Ұлытау аймағының дамуына жол ашамыз».

• Алматы облысын екіге бөлу ұсынылды. Бұл өңірде Жетісу және Алматы облыстары құрылады. Алматы облысының орталығы Қапшағайда болуы керек. Ал Жетісу облысының орталығы Талдықорғанда орналасады. Бұл қадамдар аймақтарды дамыту ісіне тын серпін бермек.

• Әкімшілік-аумақтық өзгерістер мемлекеттік басқару үдерісін жеңілдетеді. Жұрттың облыс орталығына барыс-келісін оңайлатады. Ішкі көші-қон мәселесін реттеуге септігін тигізеді.

• Жаңадан құрылатын облыстардың Абай, Ұлытау, Жетісу деп атауының ерекше мәні бар. «Біз ұлан-ғайыр жеріміздің байырғы атауларын, ұлы тұлғаларымыздың есімін ұрпақ санасында жаңғырта береміз. Мәселен, Қапшағай қаласы халқымыздың біртуар перзенті – Дінмұхамед Қонаевтың есімімен тығыз байланысты. Егер жұртшылық Қапшағайға Қонаевтың есімін беру керек деп ұсыныс айтса, мен бұл пікірге қосыламын. Мен мұның бәрін азаматтардың ұсыныс, пікірлеріне сүйеніп айтып отырмын. Жергілікті тұрғындар жаппай қолдаса, осы бастамаларды таяу арада жүзеге асыруға болады деп санаймын», – деді Мемлекет басшысы.

• Президент тұжырымдағандай, «бұл ұсыныстар облыс және республикалық маңызы бар қалалардың әкімдері аппараттың мемлекеттік қызметшілер санын оңтайландыру жөнінде шаралар қабылдауға да мүмкіндік береді. Оларды қысқарту өңір тұрғындарының санына қарай жүзеге асырылады. Қалай болғанда да, әкімнің орынбасарлары үшеуден аспауы керек. Ерекше жағдайда ғана төртіншісіне рұқсат беріледі. Президент Әкімшілігі бұл мәселені бақылауына алуға тиіс».

РЕФЕРЕНДУМ2022



ОРТАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҮНДЕУІНЕН:

Құрметті референдумға қатысушы!

• Егер Сіз дауыс беру күні 18 жасқа толған және белсенді сайлау құқығына ие Қазақстан Республикасының азаматы болсаңыз, Сіздің 2022 жылғы 5 маусымға тағайындалған Қазақстан Республикасының Конституциясына түзетулер бойынша республикалық референдумға қатысуыңызға құқықтық негіз бар.

• Сіздің республикалық референдумға қатысу құқығы бар азаматтардың тізімдеріне енгізілуіңіз референдумға қатысу конституциялық құқығыңыздың іске асырылу кепілі болып табылады.

• Жергілікті атқарушы органдар (әкімдіктер) тізімдерді Сіздің дауыс беруге арналған нақты учаскенің аумағындағы тұрғылықты жеріңіз бойынша тұрақты тіркелуіңіздің негізінде жасайды. Уақытша тіркелген азаматтар тізімдерге берілген өтініш негізінде енгізіледі.

• Дауыс беруге арналған учаскелер тиісті әкімдердің шешімдерімен құрылады, олардың шекаралары бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады. Өз учаскеніңді біліп, тізімге енгізілгеніңізді Сіз жергілікті атқарушы органға хабарласып, тексере аласыз. Тізімде болмаған жағдайда, Сіз әкімдікке тиісті өтініш беруге құқылысыз.

• 2022 жылғы 20 мамырдан бастап өз учаскеніңде Сізге республикалық референдумға қатысу құқығы бар азаматтар тізіміндегі өзіңіз туралы деректерді тексеру мүмкіндігі беріледі. Қандай да бір өзгерістер енгізу қажет болса, Сіз дереу учаскелік референдум комиссиясына жүгіне аласыз.

Баршаңызды азаматтық жауапкершілік танытуға және республикалық референдумға қатысу құқығыңызды іске асыруға шақырамыз!

ӘРКІМНІҢ ДАУЫСЫ МАҢЫЗДЫ!



ПІКІР. ҰСЫНЫС. ТІЛЕК

ӨЗГЕРІСТЕРГЕ ДАУЫС БЕРЕЙІК!

Айгерім БЕКЖАНОВА,
кәсіпкер

Ердаулет ЕРАСЫЛОВ,
механик

Әрбір азаматтың борышы

Соңғы жылдары қоғам арасында күрмеуі шешілмей жатқан күрделі мәселелер көбейіп кетті. Сол себепті, Президент «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын алға қоя отырып, осындай маңызды шешім қабылдап отырғаны анық.

Бұл осы елдің азаматы ретінде бәрімізді қуантқаны рас. Бүгінгі таңда еліміз үлкен өзгерістер алдында тұр. Сондықтан 5 маусым күні әр қазақстандық өзінің жеке азаматтық борышын орындауға тиіс. Себебі, еліміздің болашағының дамуы тікелей осы референдумға байланысты болып отыр. Сол себепті, ел үшін жаны ашитын әр азамат осы референдумға қатысу керек деп ойлаймын.

Президент халыққа барынша еркіндік беруді мақсат етіп отыр. Өзгерістер саяси жүйенің көптеген саласын қамтитын болады. Сондықтан еліміздегі елеулі оқиғаға бей-жай қарамай белсенді қатысу – әрбір азаматтың борышы. Сіздерді ел болашағына тікелей әсер ететін маңызды сәттен тыс қалмай, қатысуға шақырамын.

КОНФЕРЕНЦИЯ

«БАҚЫЛАУШЫЛАР МЕКТЕБІ–2022» ЖҰМЫСЫН БАСТАДЫ



Досбол
АТАЖАН



«Қоғамдық жоба мекемесі» қоғамдық бірлестігі тәуелсіз бақылаушылардың дайындығы туралы хабарлады.

Алматыда 5 маусым күні өтетін референдумда тәуелсіз бақылаушылардың жұмысын ұйымдастыру және оған жәрдемдесу мәселелері бойынша «Қоғамдық жоба мекемесі» ҚБ баспасөз конференциясы өтті. Жиынға Алматы қаласының тәуелсіз бақылаушылар мектебінің жетекшісі және «Қоғамдық жоба мекемесінің» директоры Александр Братенков, бақылаушылар мектебінің жаттықтырушысы Қарлығаш Үсейінова, ҚР Фрайчазинг қауымдастығының президенті Бекнұр Кисиков қатысты.

Баспасөз конференциясы барысында шара спикерлері тәуелсіз бақылаушылар жұмысының мазмұнына шолу жасап, олардың кәсіби деңгейі мен құзыреттері жайлы түсіндірме берді.

– Біз бақылаушылар мектебінің аясында мыңға жуық адамды арнайы дайындық бағдарламасынан өткіздік. Біздің мектебіміздің басты мақсаты – бақылаушылардың құқықтық мәдениетін қалыптастырып,

алдағы референдумдағы олардың құқығы мен құзыретін ҚР заңнамасы негізінде толық үйрету. Жалпы, бақылаушылардың құқықтық мәртебесі ҚР Конституциясының Сайлау туралы заңының 20-бабының бірінші тармағында көрсетілген. Бақылаушы болуға ниеттенген адамдарға осы заңнаманы үлгіге ала отырып, семинар сабақтарын өткіздік және әлі өткізіп жатырмыз, – деді бақылаушылар мектебінің жаттықтырушысы Қарлығаш Үсейінова.

Сондай-ақ, тәуелсіз бақылаушылардың референдумға қатысу ерекшеліктері туралы да сөз қозғалды. Осы тұрғыда «Бақылаушылар мектебі–2022» жаттықтырушылары (партиялық емес бақылау орталығының әдістемелік қолдауымен) ниет білдірген, қабілетті және шебер, заңнама талаптарына адал сақтайтын және белсенді азаматтық ұстанымы бар байқаушылардың жаңа санатын қалыптастырудың мақсаты, мазмұны мен ерекшеліктері туралы айтып берді.

– ҚР Конституциясында кім тәуелсіз бақылаушы бола алатындығы нақты көрсетілген. Атап айтқанда, қоғамдық бірлестіктердің өкілдері, саяси партиялардың мүшелері, халықаралық ұйымдардың мүшелері және БАҚ өкілдері бақылаушы бола алады. Осы ақпаратты бақылаушы болғысы келетін адамдар ескеруі керек. Тәуелсіз бақылаушылар дауыс беру орталықтарында барлық жұмыстар заңнама негізінде өткізіліп жатқандығына көз жеткізіп, оның орындалуына өзіндік үлесін қосады. Сондықтан біз белсенді азаматтық ұстанымы бар адамдарды бақылаушы болуға шақырамыз, – деді Александр Братенков.

«Қоғамдық жоба мекемесінің» директоры Александр Братенковтың айтуынша, «Бақылаушылар мектебі–2022» дайындаған тәуелсіз бақылаушылар Алматының барлық сайлау учаскелерінде болады.



САРАПШЫ ПІКІРІ



Мәди АХМЕТОВ,
ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, Аманат фракциясының мүшесі:

Саяси реформалардың заңды жалғасы

Соңғы үш жылда Мемлекет басшысы жариялаған саяси реформалардың 4 жиынтығы жүзеге асуда. Ата Заңға өзгеріс енгізуді көздейтін 5-ші жиынтық – реформалардың заңды жалғасы.

Жалпыхалықтық референдум ел тарихында үшінші рет өткізілетіндіктен, тәуелсіздік жылдарында дүниеге келген жастар үшін де, мен үшін де алғашқы болмақ. Сонысымен де маңызды деп ойлаймын.

Осы жолы да Ата Заңға өзгерістерді Парламент арқылы қабылдауға болатын еді. Бірақ халық өз тағдырын өзі шешіп, мемлекеттің келешегін айқындау үшін референдум өткізгелі отыр.

Қарапайым мысалмен түсіндіретін болсақ, Ата Заңға өзгерістер енгізу арқылы Жаңа Қазақстанның іргетасы қалануда, бұл – үлкен істің тек бастамасы.

Алдағы уақытта Парламент отызға жуық заңға түзетулер енгізетін болады. Бұл уақытты талап ететін күрделі процесс еліміздегі мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіруге, азаматтық қоғамды, жаңа саяси мәдениетті қалыптастыруға негіз болмақ.

Араға 27 жыл салып Конституцияның 33 бабына енгізілетін 56 өзгеріс бойынша өтетін референдумды

ақпараттық түсіндіру жұмыстарын «Аманат» партиясының депутаттары еліміздің әр аймағында бастап кетті. Әсіресе, бұл жұмыс 1 миллионнан астам референдумға қатысу құқығына ие алматылықтардың арасында белсенді жүргізілуде.

Жалпы, қиын терминдерден тұратын, аудиторияны жалықтыратын лекция оқығаннан гөрі маңызды өзгерісті жалпыға ортақ жалпақ тілмен жеткізе білу қажет.

Жаңа Қазақстан өздігінен бір күнде бола қалмайды. Өзгерістердің бастауы алдағы референдум, оның сәтті өтуі – сіз бен біздің тікелей қатысуымызға байланысты. Конституцияның 1/3 бөлігіне енгізілетін өзгерістер еліміздегі әр азаматтың өміріне әсер ететіні сөзсіз.

Мысалы, Ата Заңға ұсынылған өзгерістердің ішіндегі депутаттыққа мажоритарлық жүйе арқылы өзін-өзі ұсына алуы жастардың ел басқару процесіне тікелей қатысуына мүмкіндік береді.

Яғни біз жанама бақылаушы немесе көрермен емес, осы үрдісті жүзеге асыратын, шетте қалмай, тікелей қатысып, үлес қосатын жастар буынымыз. Сол себепті, өз қатарластарымызды 5 маусымдағы референдумға өзгерістер үшін дауыс беруге шақырамын.

САРАПШЫ ПІКІРІ



Мейіржан ОТЫНШИЕВ,
Аманат партиясы Алматы қалалық штабының жетекшісі,
партияның АҚФ атқарушы хатшысы:

Жаңа Қазақстанды құруға арналған қадам

Қасым-Жомарт Тоқаев бастамашы болған конституциялық реформалардың айрықша маңызды тұсы билік пен Президенттің қандай да бір саяси пайданы көздемейтіні деп санауға болады. Бұл реформалар Мемлекет басшысы соңғы жылдары ұсынған саяси бастамалардың қисынды жалғасы болмақ.

Екі жарым жыл ішінде саяси реформалардың төрт топтамасы іске асырылды. Олар тек сөзбен ғана емес, «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидаты негізінде жүзеге асты. Бұл туралы Алматы партия мүшелері халықпен кездесулерде, қоғамдық-саяси және партиялық іс-шараларды өткізу кезінде тұрғындарды үнемі хабардар етіп жүр.

Аталған түсіндіру жұмыстарына арналған алаңдар ретінде партияның тоғыз қоғамдық қабылдау бөлмесі, өңірлік Қоғамдық кеңестер, партиялық бақылау комиссиялары жұмылдырылған.

Халықтың барлық топтарының елдегі қоғамдық-саяси процестерге қызығушылығын кеңінен ескере отырып, Конституцияның 6-бабының 3-тармағының жаңа редакциясы жоғары әлеуметтік маңызға ие: «Жер және оның қойнауы, су, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар халыққа тиесілі. Халық атынан меншік құқығын мемлекет жүзеге асырады. Жер, сондай-ақ, заңда белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жеке меншікте де болуы мүмкін» (Заң жобасының 1-бабының 2-тармағы). Негізгі Заңда жер мен табиғи ресурстардың иесі болып табылатын адамдар туралы норманың түпкілікті және біржақты бекітілуі болашақта кез келген сәйкессіздіктердің алдын алады.

Аманат партиясының қалалық штабы өткізген конституциялық реформаны түсіндіру бойынша іс-шаралар алдағы әкімдер сайлауына халықтың жоғары қызығушылығын көрсетті. Енгізілетін түзетулерге сәйкес, Мемлекет басшысы облыстардың, республи-

калық маңызы бар қалалардың және астана мәслихаттарының депутаттарына дауыс беруге кемінде екі кандидатура ұсынылатын болады. Дауыс беруге қатысқан депутаттардың көп дауысын алған кандидат келісім алған болып есептеледі. Президент тек осы әкімдерді қызметінен босата алады.

Жалпы, еліміздің ең ірі мегаполисінде түсіндіру жұмыстарын штабтың 64 мүшесі мен партияның 100-ге жуық жас белсенділері жүргізуде. Бүгінгі күннің өзінде 10 000-ға жуық алматылықтарды қамтылған 200-ден еңбек ұжымында кездесулер өткізілді. Аманат партиясынан танымал мәжілісмендер – республикалық штаб мүшелері Айдос Сарым, Артур Платонов, Мәди Ахметов және Алматы қаласынан Парламент Мәжілісінің басқа да депутаттары қатысты.

Алматылықтарға Қазақстанның қолданыстағы Конституциясы 1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданғанын бірнеше рет еске салынды. Осыдан кейін Ата Заңға көптеген өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Алайда, мының барлығын ел Парламенті мақұлдаған болатын.

1995 жылдан бастап алғаш рет конституциялық реформа тікелей бүкілхалықтық дауыс беру арқылы жүзеге асырылады. 5 маусымдағы референдумда әрбір саналы қазақстандық сайлау учаскесінде: «2022 жылғы 6 мамырда бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасында баяндалған Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтыруларды қабылдайсыз ба?». «Иә – қабылдаймын» немесе «Жоқ – қабылдамаймын» деген екі жауап болмақ.

Баршаңызды сайлау учаскеңізге келіп, Қазақстанның жанаңа дамуына дауыс беруге шақырамын!

КЕЗДЕСУ

Оқушылар сарайының ұжымымен кездесті



**Рая
ЕСКЕНДІР**

ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары Мәди Ахметов, Елнұр Бейсенбаев және Аманат партиясы Алматы қаласы филиалының атқарушы хатшысы Мейіржан Отыншиев Конституцияға енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды түсіндіру мақсатында Оқушылар сарайының ұжымымен кездесті.

Кездесу барысында Конституцияға енгізіліп отыр-

ған өзгерістерді жалпыхалықтық референдум арқылы халықпен кеңесіп, жан-жақты талқылап отырудың игі бастама екені баса айтылды. Сонымен қатар, өзгеріске енгелі отырған 33 баптың 56 жаңалығы туралы да кеңінен талқыланды. Ұжымда қызмет ететін жастар еліміздегі маңызды саяси оқиғаларға белсене атсалысып, ел ертеңі үшін нақты шешім қабылдаудың маңызды екенін айтып, өздерінің сергек ойлы екендіктерін танытты.

Ұжым қызметкерлері депутаттарға көкейлерінде жүрген бірқатар сауалдарды қойып, нақты жауаптар алды.

#КОНСТИТУЦИЯ2022

5 МАУСЫМ / 2022

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМ

АЛМАТЫДА ДАУЫС БЕРУ ҮШІН ӨЗ УЧАСКЕҢІЗДІ ҚАЛАЙ БІЛУГЕ БОЛАДЫ?

САЙТ: WWW.OPEN-ALMATY.KZ

TELEGRAM-BOT: @REFERENDUMALMATY2022BOT

РЕФЕРЕНДУМ СУРАҚТАРЫ БОЙЫНША КЕҢЕС БЕРУ

CALL ОРТАЛЫҚ +7 (727) 338 45 45

(САҒАТ 8.00-20.00)

ӨЗІҢІЗДІ ТІЗІМДЕРДЕН ТАБУ ЖӘНЕ МӘЛІМЕТТЕРДІ АЛУ ҮШІН
ЖСН НӨМІРІН ЕНГІЗУ ҚАЖЕТ

5 МАУСЫМ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМ

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕРДІҢ АЙҚЫН КӨРІНІСТЕРІ

91-бап, 2-т.



2. Конституцияда белгіленген мемлекеттің тәуелсіздігі, Республиканың біртұтастығы мен аумақтық тұтастығы,

оны басқару нысаны, **сондай-ақ** тәуелсіз Қазақстанның Негізін салушы, **Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы** іргесін қалаған Республика қызметінің түбегейлі принциптері және **Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының мәртебесі** өзгермейді.



2. Конституцияда белгіленген мемлекеттің тәуелсіздігі, Республиканың біртұтастығы

мен аумақтық тұтастығы, оны басқару нысаны, Республика қызметінің түбегейлі принциптері өзгеріссіз болып табылады.

Осылайша, Елбасы және Тұңғыш Президент мәртебесі жаңа редакцияда толық алынып тасталады

КІТАП ЖӘРМЕҢКЕСІ

(Басы 1-бетте)

*Кітап – көзі жұмыққа арзан,
Көзі ашыққа маржан.*



«КІТАП ӨТПЕЙДІ ЕМЕС, ЖЕТПЕЙДІ»



АҚТОЛҚЫН
ТҮРЛЫҒАЗЫ

КӨРМЕ КӨҢІЛДЕН ШЫҚТЫ

Кітап жәрмеңкесі Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі, Алматы қаласының әкімдігі және Қазақстан Республикасының Ұлттық мемлекеттік кітап палатасының ұйымдастыруымен Ш.Уәлиханов атындағы алаңда («Ғылым ордасының» алды) өтті. Үш күнге созылған ауқымды мәдени іс-шараға Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев қатысты. Сондай-ақ, кітап жәрмеңкесінің ашылуында ҚР Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы Ұлықбек Есдәулет және басқа да әдебиет пен мәдениеттің көрнекті өкілдері болды.

Мәдени іс-шара баспа мекемелері мен кітап дүкендерінің саудасын жандандыру, кітап нарығындағы түйткілді мәселелердің оң шешілуіне үлес қосу, кітап мәдениетінің дамуына серпін беру және оқырман мен автор арасындағы байланысты нығайту, кітап оқу мәдениетін қалыптастыру жолында дәнекерлік таныту және шетелдік әріптестермен тәжірибе алмасу алаңын құру мақсатында ұйымдастырылды.

Кітап жәрмеңкесіне 50-ден астам отандық баспалар мен кітап дүкендері, сондай-ақ Қырғызстан, Өзбекстан және Ресейден келген делегациялар қатысты. Көрме-жәрмеңкенің қонақтары кітап нарығының жаңалықтарымен танысуға, авторлармен кездесуге және қолтаңба сессиялары аясында қол қойылған туындылардың даналарын алуға мүмкіндік алды.

– Бүгінгі жәрмеңкеге Қазақстанның түкпір-түкпірінен, оның ішінде Алматыдағы барлық баспалар қатысты. Сонымен қатар, мәдени шарамызға алыс-жақын шетелден келген қонақтарымыз да атсалысты. Сондықтан аталмыш шара халықаралық деңгейде өтті деп ауыз толтырып айта ала-



мыз. Кітап жәрмеңкесінің болашағы бар. Бұл бастаманы алдағы уақытта дәстүрлі түрде өткізсек деген ниеттеміз, – деді ҚР Ұлттық мемлекеттік Кітап палатасының директоры Әділ Қойтанов.

Алматының жаңбырлы ауа райына қарамастан іс-шара аясында жоспарланған мерекелік концерт, жазушылар мен ақындардың түрлі шығармашылық нөмірлері ешқандай кедергісіз өтті. Жиналған қауым алдында Дулат Исабеков, Бауыржан Жақып сынды қазақ зиялылары сөз сөйлеп, өз тілек-кеңестерін айтты. Жазушы, драматург Дулат Исабеков «Кітап өтпейді емес, жетпейді» деп өз ойын ортаға салды. Поэзияға қызығушылық танытатын студенттер де өз шығармаларын ұсынды. Атап айтқанда, Ш.Уәлиханов атындағы алаңның сахнасында Әділ Сағымбекұлы Несіпбаевтың бастамасымен құрылған «Дара оқырман» клубының өкілдері өлең оқыса, отандық эстрада орындаушылары ән мен жырдан шашу шашты.

– Кітап көрмесіне орай құрылған сахнамызда ақындар кезектесе өлең оқып, өнер шебер-

лері халыққа ән-жырларын арнады. Сондай-ақ, оқырман балаларды кітап жәрмеңкесіне шақыру үшін театрлар мен аниматорлар балаларға арналған қойылымдар көрсетті. Осындай шаралар қала тұрғындары мен өскелең ұрпақ үшін қажет деп ойлаймын, – деді Әділ Қойтанов. Жәрмеңкеде Қазақстан Республикасы Ұлттық мемлекеттік Кітап палатасының Сирек кітаптар мен қолжазбалар мұражайының экспонаттары ұсынылды. Барлық тілек білдірушілер XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында жарық көрген Алаш қозғалысының көрнекті қайраткерлерінің бірегей кітаптарының түпнұсқасымен танысуға мүмкіндік алды.

ЖЕҢІМПАЗДАРҒА КІТАПТАР БЕРІЛДІ

– «Дәуір» баспаханасы да кітап жәрмеңкесінде басып шығарған полиграфиялық өнімдерімізді көрсеттік. Оған қоса, жаңа баспалармен, жаңа туындылармен өзіміздің де танысымыз келеді. Себебі, мұндай көлемді шара әкімдіктің қолдауымен бірінші рет жасалып отыр. Жалпы, кітап

көрмесінің ұйымдастырылуы баспаханалар мен жас кітап авторлары үшін үлкен көмек болды, – деді «Дәуір» баспасының атқарушы директоры Әлия Ибрашқызы.

Сондай-ақ, көрме аясында мегаполис қонақтары мен тұрғындары үшін арнайы зияткерлік викториналар жасалып, жеңімпаздарға кітаптар берілді. Жәрмеңкеге қатысқан баспалар мен кітап дүкендері оқушылар мен студенттерге баспа өнімдерін сатып алуда жеңілдіктер ұсынды. Ақын-жазушылар жаңа туындыларын таныстырып, қолтаңба сессиясын өткізді. Белгілі жазушы Роллан Сейсенбаев сатудан түскен қаражатты қайырымдылық қорына беретінін хабарлады.

– Кітап жәрмеңкесіне «Алматы кітап» баспасы арнайы қатысып отыр. Көрмеде біздің баспадан шыққан мектеп оқулықтары мен көркем-әдеби шығармаларды көпшілікке таныстырдық. Қағаз оқулық – бұл мәңгілік құндылық. Алайда, қазіргі балалар цифрлы құрылғылармен білім алғанды ұнатады. Осы мақсат пен қажеттілікті ескере отырып, біз білім беру платформасын әзірледік. Бұл бастама туралы да көр-

меге қатысушыларға түсініктеме бердік, – деді «Алматы кітап» баспасының цифрлау бөлімінің басшысы Асима Рысқұлбекова.

Жәрмеңке өткен күндері баспа ісін, кітап сатуды, заманауи балалар әдебиетін дамыту бойынша дөңгелек үстелдер өтіп, мамандар онда айтылған мәселелерді егжей-тегжейлі талқылады.

– Біз Алматыдағы көрмеге арнайы Өзбекстаннан келдік. Көрме көңілден шықты. Дегенмен, біз бұл іс-шара туралы кешірек естіп қалдық. Сондықтан біраз баспалар мен адамдар келе алмай қалды. Алдағы уақытта өтетін осындай жәрмеңкелерде біз де үлкен делегациямен қатыссақ дейміз, – деді кітап жәрмеңкесіне қатысқан Өзбекстан өкілі.

Айта кеткен жөн, жәрмеңке күндері жаңбыр болғанына қарамастан, өнер базарын аралаған қала тұрғындары мен қонақтар аз болмады. Әр баспахана жеке шатыр құрып, келушілер үшін ыңғайлы жағдай жасады. ҚР Ұлттық мемлекеттік Кітап палатасының директоры Әділ Қойтановтың айтуынша, жәрмеңкеге кемінде 20 мың кітап қойылып, оған 10 мыңнан астам адам қатысты.

Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЙ.

КИНО

«ҰЛЫ ДАЛА ЗАРЫ»

Тарихымыздың 1920–1933 жылдарындағы нәубет болып есте қалған ашаршылықты арқау еткен туындылардың қатары «Ұлы дала зары» көркем фильмімен толыққан еді. Кинотуынды шынайы оқиғаларға негізделіп, тұтас ұлттың қайғы-қасіретін шеберлікпен көрсетті. Аталмыш фильмнің жетекшісі, әрі продюсері Ернар МӘЛІКОВ түсірілімнің оңай болмағанын айтады.



Рая
ЕСКЕНДІР

— Ата-бабамыздың басынан кешкен қиындығын тек экраннан көріп қиналып жатамыз. Сол қиындықты біздің халық өзінің басынан кешті ғой. Тарихтың қорқынышты сабағы енді қайталанбауға тиіс. Сондықтан кешегі тарихты ұмытпай, ата-бабамызға деген құрметімізді білдіргеніміз жөн деген оймен осы жобаны қолға алған едім. Кинотуындыны түсіруге атсалысқан әрбір азаматқа алғысым шексіз. Өйткені, қыстың көзі қырауда, тізеден жоғары қары бар тауда фильмді түсіру де оңайға түспеді. Осы жолда бізге Ақсу ауданының тұрғындары ерекше көмек көрсетті. Сондай-ақ, фильмді түсі-

руге қаражат жағынан да халық көмек көрсетті. Халықтық фильм деп отырғанымыз да сондықтан, — деді Ернар Мәліков.

«Ұлы дала зары» фильмі «Алтын глобус» сыйлығына ие болып, шет тіліндегі үздік фильмдер категориясына енді. Азиялық, бүкіл дүниежүзілік кинофестивальдерде көрсетілді. «Ұлы дала зары» (The dying Steppe) фильмін көріп шыққан соң, АҚШ-тың 12-округының сенаторы Кевин Эвард Қазақстанда орын алған 1920 және 1930 жылдардағы аса маңызды тарихи тақырыпты көтерудегі қажырлы еңбегі үшін ерекше алғысын білдірді. Осындай шынайы оқиғаны арқау еткен фильм арқылы шығармашылық топ әлемдік деңгейде қазақ қасіретінің шындығын қабылдау үшін қажетті

қадамның алғышарттарын жасап отыр. Бұл болашақ үшін маңызы бар тарихи дәріс, дей келе, продюсер Ернар Мәліков пен режиссер Марина Құнароваға, жалпы шығармашылық топқа 1920 және 1930 жылдары Қазақстанда орын алған жойқын геноцидті көрсеткендері үшін алғысын білдірді. Терең зерттелген осы фильм арқылы адамдар геноцид сұмдығын жақыннан танып, оны болдырмау үшін тағы бір қадам жасары анық. Қазірдің өзінде фильм бірнеше кинофестивальдердің жүлдесіне ие болса, Австралия, Италия, Канада, АҚШ, Марокко және т.б. халықаралық кинофестивальдерге қатысып, жүлдегер атанды. «MG productionPlus» кинокомпаниясы «Ұлы дала зары» фильмін 5 жыл ішінде түсірді.



ҚАЛАДАҒЫ КӘСІП

КІТАПТЫҢ КИЕСІ БАР, ИЕСІ БАР

«Кітап – ең сабырлы ұстаз» дейміз, алайда сол қасиетті қазынаның кейде аяқасты жататыны қынжылтады. Өткенде қоқыста жатқан кітаптарды парақтап тұрған қария танымал ақынның жыр жинағын көрсетіп, «Кезінде бұл кісіден қолтаңба алу арман еді. Әттең-ай, бағасын білмейтін біреулердің ісі-ау», — деп жатқанын құлағым шалды. Сосын әлгі кітаптардың бірнешеуін өзімен ала кетті. Қоқыстағы кітаптардың аман қалғанына қуандым.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.



Рая
ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ

Қаламыздың Сейфуллин мен Гоголь көшелерінің қиылысындағы

жерасты жолын «жайма кітап дүкеніне» айналдырған ер кісіні қалалықтардың дені жақсы таниды. Тіпті, тұрғындардың өздері қажетсіз кітаптарды тегін әкеп береді екен. «Кейде адамдар сатып аласыз ба?», — деп те сұрайды. Мен бір арнайы мекеме емеспін ғой. Жарамсыз болып, шашылып жататын кітаптарға жаным ашығандықтан осы кәсіпті серік еттім. Кезінде әр жерде жатқан кітаптарды жинай беріп, сыймай кеткен соң, сатып көрейін деген едім. Аз-маз қаражат табамын. Бұл кәсіпке де үйреніп алдым. Жаңбырлы күндері шықпаймын. Кітаптарды әрі-бері тасып жүру де оңай емес. Қазір кітап оқитын оқырман аз. Менің оқырмандарым — ересек кісілер. Кейде олар оқығысы келген кітаптарына тапсырыс та беріп жатады», — дейді кітап сатушы. Қоқыста жатқанша, кітаптың иесі табылғаны жақсы ғой.

ҰЛЫЛЫҚТЫҢ ТОЙЫ



Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл.

ЗАМАНСӨЗ

ҚАЗАҚ ЖАСТАРЫНЫҢ АРДАҚТЫ ТӘРБИЕШІСІ

Ахаңның майданға алғаш жыры шығып, әдебиет, саясат жолында жол бастаған күндері бәріміздің де есімізде. Кешегі күні оқушы болып, соның тәрбиесінде жүрген күндерімізді көз алдымызға елестетеді. Ахаңның қазақ оқушысының ойы мен пікірін тәрбиелеген заманнан бір ай ұзағамыз жоқ. Кешегі күндерге шейін бәріміз де жетегінде келгенбіз.

Қаламынан туған өсиет-үлгісі әлі есімізден кеткен жоқ. Патша заманындағы үкіметтік өр зорлыққа қарсы салған ұраны, ойымызға сіңірген пікірі әлі күнге дейін үйреніп қалған бесігіміздей көзімізге жылы ұшырайды, құлағымызға жайлы тиеді.

«Қазақ» газетінің сүтін еміп өскен бір буын осы күнде пікір-білім жолында бұғанасы бекіп, іс майданына шығып отырса, кейінгі жас буын Ахаң салған өрнекті біліп, Ахаң ашқан мектепте оқып шыққалы табалдырығын жаңа аттап, ішіне жаңа кіріп жатыр. Ахаңның бұл істеген қызметі қазақтың ұзын ырға тарихымен жалғасып кететін қызмет. Істеген ісімен өзіне орнатылған ескерткіш — мәңгілік ескерткіш.

Қазақ жастарының ардақты тәрбиешісі Ахаң сөйлегенде менің есіме «Қазақ» газетінің әндері түседі. Біз ол күнде мектеп ішінде жүрген бала едік. Бірақ патша саясаты темір бұғаудай мойынға батып, қазақ жұртын әлсіретіп, «кедейді шалапқа мас қылып, байды қымызға мас қылып», елдігін жоғалтып бара жатқанын тұманды оймен сезуші едік, көмескі жауы қазақтың бесіктегі баласының көзіне де елестегендей еді.

Сол уақыттарда «Қазақ» газетінің бетінен анда-санда оқып отырған әсерлі анық сөздер, қауіптің пішінін айқын қылып көрсетіп, мектептегі жас балалардың сезімін түзу жолға беттеткендей болушы еді. Жас буынның жаңа туып келе жатқан әлсіз ойын жол мұңдалап, жетегіне алып бара жатқандай байқалушы еді. Мектептегі сабағын оқымайтын бала «Қазақ» газетін көрген жерде қадалып тұрып қалатын. Бөтен қалада қыр есіне түсіп, елін ойлап жүрген балаға «Қазақ» газеті ауылынан келген сәлемдемедей болатын. Ел басына келген бәленің атын білмей, түсін танымаса да елі мінген еспесі жоқ қайықтың теңіздің ішінде жылжытып бара жатқан жел мен құйынның бар екенін оқып жүрген бала да сезетұғын...

«Қазақ» газетінің сол заманнан бері қарай талай өмірі өткен сияқты. Бұл уақыттың жылдай, саусақпен санағандай аз жыл болса да болып өткен уақиғаларына қарағанда көп, заманға жауап ұратын толқынды заманның бірі.

Ахаңның атын қазақ даласындағы қазақ баласының естімегені аз шығар!

Мұхтар ӘУЕЗОВ.
1923 жыл.

ҰЛТ ҰСТАЗЫНЫҢ ОЙ-ОРАМДАРЫНАН

ӨЗЕН МЕН ҚАРАСУ

...Меңзеймін Қарасуды, қазақ, саған,
Талпынбай талап ойлап, қарап жатқан.
Барады қатар жүрттың бәрі озып,
Ілгері жылжымайсың жалғыз аттам.

Оянып, жан-жағыңа сал көзіңді,
Түбіңе жетпей қалмас қамсыз жатқан.
Өткізіп уақытты өкінерсің,
Пәледен, басқа келмей, деймін сақтан.

Қазағым, сал құлағың нақылыма,
Түсініп айтқан достық ақылыма.
Сөз емес еріккенде ермек еткен,
Айтамын жаным ашып жақыныма.
Қозғалмай бұл күйіңмен жата берсең,
Боларсың Қарасудай ақырында.

31 МАМЫР – САЯСИ-ҚҰҒЫН-СҮРГІН ЖӘНЕ АШАРШЫЛЫҚ ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ

Мәмбет ҚОЙГЕЛДІ:

АЛАШ ЖӘНЕ БОЛЬШЕВИЗМ: ғасырға созылған қарсыласу

М.Әуезов мұражай-үйінде академик Р.Бердібаев атындағы Халық университетінің дәрісі өтті. Оған белгілі қоғам қайраткері, Ұлттық Ғылым академиясының академигі, тарихшы-ғалым Мәмбет ҚОЙГЕЛДІ шақырылды. Жиынға М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бас директоры Кенжехан Матыжанов модераторлық жасады. Шарада «Алаш идеясы», рухани құндылықтар, қуғын-сүргін, аштық, репрессия төңірегінде әңгіме өрбіді. Рухани кездесудегі Мәмбет Қойгелдінің ой-пайымдары мен шежірелі әңгімелерін назарларыңызға ұсынамыз.



Тарихқа бойлау

«Алаш және большевизм: ғасырға созылған қарсыласу» деген тақырыпқа ой айту оңай емес. Бұған үлкен дайындық, уақыт, қажыр-қайрат, ізденіс керек. Осы мәселемен айналысқаным 30 жылдан асты.

Кезінде көптеген архивтерде жұмыс жасауға тура келді. Біздер Орынбор, Ташкент және Алматының мұрағаттарында жұмыс жасадық. Ең көп ізденген жеріміз

Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің архив-деректері болды. Осы орайда аталған тақырыпқа дендеуімізге не итермеледі деген заңды сауал туады.

Аталған тақырыпқа жеке тұлғалардың тергеу материалдары арқылы ендім. Өйткені, Алаш қайраткерлері, совет қызметкерлері, т.б. кісілердің тағдыр жолы, атқарған қызметтері беймәлімдеу болатын. Қысқаша тарихы осындай.



Екі ұғым

Біздер бір нәрсені анықтап алғанымыз жөн. «Алаш пен большевизм» екі ағымды білдіреді. Екеуінің көзқарасы да, ұстанымы да бөлек. Осы жағынан ескеретін дүниелер көп. Бұл екі ағымның арасындағы қарсылық ғасырға созылды. Алаш қайраткерлері өткен XX ғасырдың 20–30 жылдары физикалық тұрғыдан жойылды. Саясат сахнасы мен кеңістігінен ысырылды. Бірақ олардың идеясын құрта алмады. Қалай болғанда да, елдің жадында жүрді. Тарих ғылымының ерекшелігі бар. Себебі, біткен оқиғаны зерттейді. Саясаттану ағымдағы процесстерді зерделейді, талдайды. Қос ғылымның айырмашылығы да осында жатыр. Біздер айтып отырған Алаш пен большевизм арасындағы қайшыласу, ол – аяқталған процесс саналады. Сондықтан да тарихшы мәселені зерттеп, талдай алады.

Ежелгі Рим қоғамында мынадай аталы сөз айтылыпты. Яғни «жеңілгендердің соруы мол» дейді. Ал Алаш қозғалысы – жеңілген қозғалыс. Бір нәрсені анықтап алайық. Алаш қозғалысын, Алаш партиясымен шатастырады. Сонымен қоса, сол кездегі зиялылар қызметін тілге тиек етеді. Негізінен, олай емес. Алаш қозғалысы дегеніміз – «Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы»

болып есептеледі. Бұл – XX ғасырдың басында әлемдік ұлт-азаттық қозғалыстар арнасында дүниеге келген тарихи шындық һәм процесс. Мәселен, Түркиядағы «Жас түріктер», Махатма Ганди басқарған үнді-азаттық көтерілісі, Қытайдағы Сунь Ятсен басқарған мемлекеттілік үшін күрестер, Латын Америкасындағы, т.с.с. қозғалыстар деңгейінде қарауымыз қажет. Бұған ғаламдық контексте қараған абзал. Уақытында Кеңестік идеология олай ойлауға мұрша бермеді. Сонда ғана тура түсінеміз. Себебі, табиғаты сондай.

«Алаш пен большевизм» арасында қарсылық болды. Большевизмнің ерекшелігі бар. Басында империялық ағым болатын. Ұлы державалық ағымдағы партия болды. Басшылыққа алған нәрсесі – марксизмнің тап күресі туралы идеясы еді. Онда «адамзат тарихы тап күресі тарихы» дейді. Ал бұл идея қазақ қоғамына үйлесе ме? Бұған ұлт көсемі Әлихан Бөкейханов толғанды. Сөйтіп, бізге жарамайтынын сезінді. Яғни пролетариат жоқ дегенді білдіреді. Алаш қайраткерлері отаршылдыққа, озбырлыққа қарсы күресті. Ол үшін мемлекеттілікті сақтау қажеттігін де естен шығармады.

Бірлік бәрінен маңызды

Алаш қайраткерлерінің басты мақсаты мемлекеттілікті сақтау болды. Оның сыртында ұлттық мемлекетке қол жеткізу маңызды екендігін көтерді. Данышпан ақын Абай «біріңді қазақ, бірің дос, көрмесең істің бәрі бос» дейді. Түсінген жанға осы сөздің мағынасы тереңде жатыр. Ә.Бөкейханов «Ұлт болып бірікпесен, мемлекеттілікті сақтай алмайсың» деген ұран тастады. Дәлірек айтқанда, тапқа, бай мен кедейге, руға, т.б. неше түрлі жікке бөлінуге болмайтындығын шегелеп айтты. Шынында да, ондайдың қажеті жоқ. Міне, осыдан барып «Алаш пен большевизм» екіге бөлініп кетті. XX ғасырда азамат соғысы басталды. Сонда Алаш үкіметі ақтармен, Колчактармен де бірікті. Әйтеуір кім бізге болысып жатса, өзіміздің мүддені қорғау жолында бәріне барды. Қазақтың тәуелсіздігі үшін «шайтанмен де дос

болуға даярмыз» деді. Бұл қадам дұрыс еді. Әйтпесе, жұтылып кету қаупі тұрды. 1917 жылы қазақ зиялылары 68 съезд өткізді. Барлық облыстар, уездерде «қазақ комитеттерін» құрды. Негізінен, Алматы, Семей, Оралда, т.б. жұмыс істеді. Бірақ Колчак та мойындамады. Осы арада бір нәрсені нақтылап айтар едім. Алаштықтардың ұстанған жолы, әлемдік ұлт-азаттық қозғалыстардың ұстаған жолына сайма-сай келеді.

Латын Америкасында Никарагуада ұлт-азаттық қозғалысы жүргізілді. Оны басқарған Сандино деген кісі болды. Одан аргентиналық журналист интервью алады. Сонда «таптық қозғалыспен салыстыруға бола ма?» деген сауал қояды. Көсемнің айтуынша, «Бізге керекі антиколониалдық, антиимпериалистік қозғалыс» дейді. Біздікі сондай маңызға ие қозғалыс.

Түркішілдік

Бірінші Түркістан автономиясы туралы айталық. Мұның алғашқы төрағасы Мұхамеджан Тынышбаев болды. Кейіннен Мұстафа Шоқайға ауысты. Сонымен қатар, ол бас идеологияна айналды. Содан соң ол II Қазақ съезіне Орынборға барады. Сонда бірден Алаш Орда үкіметінің құрамына мүшелікке өтеді. Негізі Мұстафа Шоқайдың ойы Түркістан конфедерациясын немесе федерациясын құру еді. Алаш автономиясын жариялайтын кезде екі көзқарас пайда болды. Жаһанша Досмұхамедов, Халел Досмұхамедов бастаған топ тез жариялауды ұсынды. Алайда, Бөкейхановтар қазақтың қолында қисықауыз мылтығы да, қауқары да жоқ екендігін алға тартты. Түркістан автономиясы құрамындағы қазақтарды өздеріне қосуды қарастырды. Бізге жер аударылып

келгендердің де қосылуын, олардың да баршамен тең екендігін айтып, құрғалы жатқан мемлекеттің іргесін нығайтқысы келді. XX ғасырдың басында осындай тағдырлы жағдайлар өтті.

Мұстафа Шоқай өз естеліктерінде Түркістан мемлекетін құруда патша үкіметі, оңшылдар, мейлі солшылдар болсын, бәріне алданғанын айтты. Ол кісі қазақ, өзбек, түрікмен, т.б. деп бөлмей, тұтас федерацияға айналуы мақсат тұтты. Өйткені, жеке-дара, бас-басымызға бөлек мемлекет құрсақ, құритынымызды ұғынды. Біздіңше де, Мұстафа Шоқай бастаған зиялылардың идеясы жөн деп санаймыз. Түркістан мемлекеттілігін орнатуды көздеген тұлғаның ойы әлі күнге дейін өзектілігін жоймады. Түсінген жанға түркішілдік деген терең дүние демекпіз.



Бетгі әзірлеген Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



ТАРИХИ ТАНЫМ

ҚАСІРЕТ КҮНІ



Ашаршылық және саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні қарсаңында біз осы тақырыптың «жілігін шағып, майын ішкен» белгілі азамат Жұмабек АШУҰЛЫМЕН сұхбаттасқан болатынбыз.

– XX ғасырдың I жартысында орын алған саяси қуғын-сүргін жайында тарқата отырсаңыз?

– Тарих бетінде қалған осынау қаралы жылдар – халық жадынан ешқашан өшпейтін қасіреттің таңбасы, тұтастай ұлттың трагедиясы. Кеңестік репрессия ең бірінші Алаш-орда азаматтарының соңына түсті. Одан кейін сәл босаңсып, 1928 жылы түгел дерлік алаш-ордалықтарды жазықсыз түрмеге қамады. 1937–1938 жылдары қазақтарға барша зиялы қауым өкілдерін қырып жіберуге дейін апарды. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін ғалымдарымызды, тарихшыларымызды итжеккенге айдады. Қаныш Сәтбаев, Ахмет Жұбанов, Мұхтар Әуезов Мәскеуге кетіп аман қалды. Қазіргі таңда көбісі ашаршылық пен саяси репрессияны бір-бірінен бөліп жатады. Менің ойымша, екеуі екі түрлі емес. Олардың астарында жатқан үлкен мән бар. Оны терең түсініп, зерттеуіміз қажет.

– Саяси репрессияның орын алу себебі туралы не айтар едіңіз?

– Қазақтың бағы да, соры да – кең байтақ жері. Патшалық Ресей болсын, Кеңес өкіметі болсын, бәрі де қазақты ұлт ретінде жоюға бағытталған саясат ұстады. Мынадай мысал келтірейін, 1932 жылы Ораз Исаев Сталинге телеграмма жібереді, «халық қырылып жатыр, аң аулауға рұқсат беріңіздер» деп. Куйбышев қол қойған телеграмманың мәтіні бар бізде, сонда «Аң ауласандар, жауапқа тартыласындар» делінген. Қазаққа қандай қысықты жасалғанын осыдан-ақ байқай беріңіздер. 31 мамырды ашаршылық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске ала отырып, қасірет күні деп атайық деген әңгіме шығып жүр. Шын мәнінде, қасірет күні деп белгілеуіміз керек. Әр күнді жеке-жеке белгілей беру де дұрыс емес сияқты. Иә, қайсыбір жүйе болсын, солардың саясатының кесірінен қазақтар осындай нәубетке, алапат қырғынға ұшырап отырған. Осынау өткен ауыр

да зұлмат тарихымызды біз қалай бағалап келе жатырмыз деген сауалдарды қолға алуымыз қажет.

– Саяси қуғын-сүргін құрбандарына саяси баға берілді ме?

– Смағұл Елубаев сілтеме жасаған орыс ғалымы Чулошников XX ғасырдағы алғашқы аштық 1916 жылы болды дейді. 1921 жылғы ашаршылықта, ғалымдарымыздың дерегіне сүйенсек, 1 млн-нан аса қазақ қырылса, 1931–1933 ж.ж. 2,5 млн қырылып, 1,5 млн-ы босып кеткен. 1913 жылы 44 млн малдан 1934 жылы 4 миллиондай мал қалған. 1929–1932 ж.ж. малынан айырылған қазақтар 370-тен аса көтеріліске шыққан. Бұл бала-шағасын, жанын сақтап қалу күресі болатын. Солардың бәрін қан-жоса қылып қарудың күшімен қырып салды. Сол көтеріліске қатысқандар банданың құрамында болды деген желеумен ақталмаған еді. Енді 2020 жылы 24 қарашада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың №456 Жарлығымен құрылған Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау туралы комиссия солардың бәрін анықтап, ақтау жөнінде қыруар жұмыс атқаруда. Жерді беталды жырға беруге қарсы шыққан сол кездегі КСРО КП бірінші хатшысы Жұмабай Шаяхметов қызметтен алынды. Жұмабек Төшенов Қазақстанның Қостанай, СҚО, Көкшетау, Целиноград, Павлодар облыстарын Ресейге беруден сақтап қалғанымен, өзі қызметтен алынды. Кейінгі кезде жас зерттеушілер архив материалдарымен танысып, «құлы деп жүрген қазақтар бәрі бірін-бірі сатыпты» деген әңгіме шығарып жүр. Ал олар ондай қағазға қол қойғанша қандай азаптаудан өткенін түсіне ме екен? Біздің Қауымдастықты құрған Бекболат Жанпейісұлы Мұстафин 18 жыл өмірін итжеккенде өткізген. «Мен НКВД қолына түсіп қол қойған адамға өкпелей алмаймын. Өйткені, қалай қойғызатынын білемін. Өзім де жапонның шпионы екенімді мойындағанмын», – дейтін. Сондықтан



жас зерттеушілер «архивтен алдым» деп материалдарға үстірт қарауға болмайды. Айлап азапталып, күнде аяусыз соққының астында болған адамның жағдайын түсініңдер! Өздерінді сол тұтқындардың орнына қойып көріңдер! Олардың бүгінгі қалған ұрпақтарын жауластырмаңдар!

– Осы кезеңдерде аянбай еңбек еткен тұлғалар жайлы айта кетсеңіз?

– Қазақ халқының тарихында есімдері алтын әріппен жазылып қалған тұлғалар аз емес. Міржақып Дулатов, Сәкен Сейфуллин, Мағжандардан бөлек, тасада қалып қойған азаматтар көп. Шығармашылығы толық зерттелмеген тұлғалар, тек қана біржақты баға берілген азаматтар бар. Мысалы, Смағұл Сәдуақас, Тұрар Рысқұлов, Нәзір Төреқұлов, Жаһанша мен Халел Досмұхамедовтердің қайраткерлігі, публицистикасы, шығармашылығына әлі нақты баға беріліп, толықтай зерттелген жоқ. Олардың ғұмырында біз білмейтін тұстар әлі көп.

Сонымен қатар, қуғын-сүргін, репрессия кезінде шетелге кетуге мәжбүр болған қазақ азаматтары бар. Тек қарапайым ғана халық үдере көшкен жоқ, олардың басында халықты, елді шашыратып алмас үшін уысында ұстап, оларды аман сақтап қалу үшін аянбай еңбек еткен тұлғалар бар. Сондай-ақ, аласапыран кезеңдерде туған еліне ес болып, бағыт-бағдар көрсеткен жандардың орны ерекше. Олардың бірі де бірегейі Жұмабек Төшенов. Ол ең әуелі ел байлығы мен ұлттық құндылықтарды

отаршылдардың қанды шеңгелінен қорғап бастады. Тын және тыңайған жерлерді игеру науқанынан басталған жер мәселесіндегі қитұрқы саясатқа қасқая қарсы тұрып, азуы керекарыс КСРО басшыларымен айқасты. Биік мансаптан ұлттық мүддені жоғары қойғаны үшін елдің бірінші басшысы болуына бір-ақ қадам қалғанда қызметінен алынып, Шымкентке қуылды.

– Енді осы күнді еске алу мәдениетіне тоқталып өтсек.

– Жастарымыздың кейбірі 31 мамырдың қандай күн екенінен мүлдем бейхабар. Кейбір аймақтарда Алаш қайраткерлеріне арналған ескерткіштер орнатылмаған. Тіпті, сол күні жастарымыз Алаш боздақтарына тағым жасау үшін қайда баратындарын да білмей жатады. Бұл күні мен мұсылманмын деген әрбір қазақ мешітке барып, құран бағыштап, дұға тілеуі керек деп ойлаймын. Бұл әрбір қазақтың қолынан келетін іс.

«Арыстандай айбатты, Жолбарыстай қайратты – Қырандай күшті қанатты. Мен жастарға сенемін! Көздерінде от ойнар, Сөздерінде жалын бар, Жаннан қымбат оларға ар, Мен жастарға сенемін!», – деп Мағжан атамыз атап өткендей, жастарға сеніміміз мол. Олардың 31 мамыр Қазақстан халқы үшін жай күн емес екенін жадында сақтап, өткеннен өнеге алатынына сенімдіміз.

**Сұхбаттасқан
Ақтолық ТҮРІПҒАЗЫ.**

КОНФЕРЕНЦИЯ

ТҮБІ БІР, ТАРИХЫ ТАМЫРЛАС ЕЛДЕР

Алматыда саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне орай қазақ-қырғыз еларалық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.



**Досбол
АТАЖАН**

ҚР Ұлттық кітапханасында Алматы облысы мәдениет басқармасының М.Тынышбаев атындағы облыстық тарихи-өлкетану музейі, саяси қуғын-сүргінге ұшыраған қазақ зиялыларының мұрасын зерттейтін «Арыс» қоры және Саяси қуғын-сүргін құрбандары музейінің ұйымдастыруымен «Қазақ және қырғыз халықтарының үркіншілік кезеңдеріндегі өзара көмек тарихынан» атты тақырыпта офлайн және онлайн форматтағы отырыс болды.

Конференцияға Алматы облысы мәдениет басқармасының басшысы Марлен Көлбаев, профессор Ғарифолла Әнес, Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры Зиябек Қабылдинов және Қырғызстанның атақты тарихшы ғалымдары мен кәсіби архивистері қатысты. Отырыс барысында кеңестік репрессия кезеңіндегі қазақ-қырғыз қатынасы, атап айтқанда, XX ғасырдың бірінші жартысындағы зобалаң жылдардың зардабы туралы жан-жақты сөз қозғалды.



– Кеше ғана екі елдің Президенттері кездесіп, Ұлы Абайға сонау қырғыз елінде ескерткіш ашып, өзара ынтымақтастықты бекітіп жатыр. Біз де мұндай шарадан қалмай, қуғын-сүргін құрбандарын ақтауға, сол жылдары айтылмай қалған шындықты шығаруға біріге жұмыс істемекпіз. Себебі, ел боламыз десек, өткеніміз бен тарихымызды зерттеп, анықтап білуіміз керек, – деді Алматы облысы мәдениет басқармасының басшысы Марлен Көлбаев.

Шара барысында Қазақстан тарихшыларының соңғы жылдары «Жетісу Алаш ордасы», «Жетісу» Алаш әскері» атты тақырыпты етене зерттеп, оны қырғыз ғалымдарының жаңа фактілермен толықтырып, тіптен ««Алаш» партиясының қырғыз филиалы» атты кітап шығарғандары айтылды.



Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры Зиябек Қабылдинов зұлмат жылдары шетелге көшу-ге мәжбүр болған ата-бабаларымызға көмек көрсеткені үшін Қырғызстан тарапына алғыс білдіріп, тарихи шындықты анықтау үшін біріге жұмыс істеудің маңызын айтып өтті.

– Мұрағаттан анықталған КСРО Ішкі істер халық комиссариатының 1938 жылғы құжатты бойынша, ашаршылық жылдары екі жарым миллион халық қырылған. Осы кезде 100 мыңға жуық қазақ Қырғызстанға барып аман алған. Сондықтан бауырлас халыққа шын көңілден ризашылығымызды білдіреміз.

Сонымен қатар, қуғын-сүргін жылдары қазақтың 100 мыңдай зиялы, оқыған азаматтары, ал қырғыз тарапынан 39 мыңдай азамат репрессияға ұшырады деген

дерек бар. Бірақ бұл цифрлар алдағы уақытта архивтерден ашылып жатқан құжаттардың арқасында өзгереді анық. Осы бағытта Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастауымен Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия құрылды, – деді ол.

Өз кезегінде конференцияға қатысқан қырғыз ғалымдары репрессия құрбандарын ақтау мақсатындағы комиссия жұмыстарының Қырғызстан үшін үлгі екенін айтты.

Сондай-ақ, аталмыш жиын аясында қырғыз ғалымдарының қазақ-қырғыз тарихы мен қарым-қатынастары жайлы жазған кітаптар көрмеге қойылды.

Конференция Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтында өз жалғасын тапты.



● ДЖИУ-ДЖИТСУ

Испанияның астанасы Мадрид қаласында Джиу-джитсудан өткен халықаралық турнир өз мәресіне жетті. Аталмыш турнирде біздің еліміздің спортшылары атынан қатысқан спортшы, алматылық Дана Бекенқызы Төлеужан 55 килограмм салмақта күш сынасып, бірінші орынды иемденді.

БІЗДІҢ ЧЕМПИОН

Ол қазіргі уақытта Италияның астанасы Рим қаласындағы «Ла сапиенца» университетінің магистратурасында екінші курста грантта оқиды. Негізі 1303 жылы қаланған аталмыш университет әлемдегі ең белді оқу орындарының қатарына жатады.

Бұған дейін жерлесіміз джиу-джитсу күресінен 2019 жылы Біріккен араб әмірлігінің астанасы Абу-Даби қаласында өткен әлем чемпионатының күміс жүлдегері атанған болатын. Кейіннен пандемия жағдайына байланысты спорттан сәл шеттеп қалды. Содан кейін спортқа қайта келді. Спортты жаны сүйетіндігі соншалықты, өзінің суға жүзудің екі түрінен спорт шебері атағы бар



бола тұрса да, джиу-джитсу күресінен қол үзбеген болатын.

Жеңімпаз қызымыз Дананың алда биік белестерді бағындырып, ел абыройын асқақтатарына сенеміз.

● КҮРЕС

АЛМАТЫДА КҮРЕСТЕН САЙЫС ӨТЕДІ

Алматыда грек-рим, еркін және әйелдер күресінен рейтингтік турнирі – Болат Тұрлыханов кубогы өтеді.

Аталған әлемдік бәсеке 2 маусым күні басталады, деп хабарлайды Olympic.kz. Балуан Шолақ атындағы спорт сарайында өтетін әлемдік бәсекенің жарыс кестесі келесідей:

2 маусым

10.30 – жарыстың басталуы;
Грек-рим күресі: 55, 60, 63, 67, 87, 97 және 130 келі.

3 маусым

10.30 – жарыстың басталуы;
Грек-рим күресі: 72, 77, 82 келі;



Әйелдер күресі: 57, 62, 68, 76 келі.

Еркін күрес: 97, 125 келі.

4 маусым

10.30 – жарыстың басталуы;
Әйелдер күресі: 50, 53, 55, 59, 65 және 72 келі;

5 маусым

10.30 – жарыстың басталуы;
Еркін күрес: 57, 61, 65, 70, 74, 79, 86 және 92 келі.

● ШАХМАТ

ЖАНСАЯҒА ЖҮЙРІК ЖЕТПЕЙДІ

Алматы қаласы мәслихатының депутаты шахмат Бундеслигасының чемпионы атанды.

Халықаралық гроссмейстер және Алматы шахмат федерациясының президенті Жансая Әбдімәлік әйелдер Бундеслигасында (Германия) өзі өнер көрсеткен OSG Badaen-Baden командасы жеңімпаз болғанын мәлім етті.



«Достар, мен Бундеслига атынан қатысқан OSG Baden-Baden

командасы мерзімінен бұрын жеңіске жетті. 9-турда біз басты қарсылас – SK Schwäbisch Hall командасына қарсы ойнадық.

Бұл – шешуші ойын болды! Біз 2½: 3½ есебімен жеңдік», деп жазды Жансая Әбдімәлік Facebook парақшасында.

Шахматшы атап өткеніндей, OSG Baden-Baden командасы соңғы рет 2018 жылы лига чемпионы болған.

Осылайша біздің клуб рекордты түрде 12-рет Бундеслига жеңімпазы атанды! – деді ол.

● ТАЭКВОНДО

ЖҮЛДЕЛІ СӘТ

Австрияның Инсбрук қаласында таэквондодан Austrian Open рейтингілік турнирі өтіп жатыр.

Ұлттық Олимпиада комитетінің дерегінше, жарыстың алғашқы күні даянға жасөспірімдер мен жастар шығып, ауыз толтырып айтарлықтай нәтиже көрсетті. Отандастарымыздың енісінде әртүрлі дәрежедегі 28 медаль бар: 11 алтын, 11 күміс және 6 қола. Austrian Open G2 турнирінің жеңімпаздары мен жүлдегерлері тізімі келесідей:

ЖАСӨСПІРІМДЕР:**I орын**

Ярина Пуганцова (29 кг);
Нұрай Амангелді (37 кг);
Нұрперзент Саматұлы (33 кг);
Таскын Теміржан (41 кг);
Дастан Нәжімханов (49 кг);
Дарын Зайнеш (53 кг);
Әміржан Иманбаев (+65 кг).

II орын

Зейнеп Азаматқызы (29 кг);
Ақбота Желеу (41 кг);
Нұрайым Жұмабек (44 кг);
Мирислам Мырзакаримов (33 кг);
Мақсат Төлегенов (41 кг);
Бекет Болатұлы (45 кг);
Медет Елемесов (53 кг);
Әмірхан Мұстафин (57 кг).

III орын

Адема Байзақова (47 кг);
Ольга Власюк (+59 кг);
Артур Пак (61 кг);
Абылайхан Өтебадиев (61 кг);
Әли Дабисов (65 кг).

ЖАСТАР**I орын**

Ақрамаг Долгиев (48 кг);
Тамирлан Тілеулес (51 кг);
Батырхан Төлеуғали (68 кг);
Әлібек Нұрғазы (45 кг).

II орын

Жовохир Исламов (55 кг);
Рамина Әшірова (44 кг);
Бектөре Оралханов (45 кг).

III орын

Әділ Тілеуғабыл (63 кг).

● БОКС

Қазақ спортын алға сүйреуші саңлақтар жетерлік. Соның ішінде өр мінезі атан түйеге жүк боларлықтары да аз емес. Сондай жанның бірі – Қанат Ислам.

РУХТЫ ҚАЗАҚ



Қанат Исламның шығу тегіне байланысты түрлі әңгімелер бар. Негізінен туған жері Қытайдың Шыңжаң аймағы. Сол жақта туып-өседі. Бокспен жастайынан айналысады. Біртіндеп тәуір нәтижелерге қол жеткізеді. Пекиндегі төртжылдықтың басты бәсекесі Олимпиадаға қатысады. Қола жүлдені қанжығаға байлайды. Осы жарыста Қазақстаннан барған спортшыға орын берген деген де аңызға бергісіз әфсана әліге дейін айтылып жүр. Ол білімге де аса мән берді. Үрімші қаласындағы Педагогикалық университетті 2009 жылы тәмамдады. Осылайша спортты басқару және зерттеу мамандығын иеленді.

АЙҚАС

Халқымыз «ер жігіттің мойнында қыл арқан шірімейді» дейді. Сан ғасырлық ғұмырнамалық шежіреге қарасаңыз да солай. Дәл осы сөз Қанат Исламның мансаптық жолына қарата айтылғандай. Аяқтан шалып, етекпен тартқысы келгендер көп болды. Дегенмен, шын жүйріктің жолына тосқауылды ешкім де қоя алмады. Сүрінді, қайта тұрды, енсе тіктеді, өзінің мықтылығын дәлелдеді.

Оның Лондон олимпиадасына қатысуына Қытай тарапы қарсылық көрсетті. Десе де, АИБА бұл мәселені қарастырып, оған Қазақстан атынан сайысқа түсуге рұқсат берді. Алайда, батырымыз ұлттық құрама командасы бапкерлерінің тарапынан қолдау таппады. Лондон Олимпиадасына қатыса алмады. Сөйтіп, ол бір шешімге келді. Өзінің бокстағы өмірінің бағдарын, кәсіби боксқа бұрды. АҚШ промоутерлерінен де бірнеше шақырту алған-ды.

Қазақстан құрама командасының бұрынғы бас бапкері Тұрсынғали Еділов пен Алматы облысының әуесқой бокс федерациясының президенті Бауыржан Оспановтар Қанаттың шамын жақты. Жарыстарға дайындады. Оған сенді. Баһадүр сенімді ақтады.

Қазіргі таңда: WBA БОЙЫНША 1-ОРЫН, IBF БОЙЫНША 3-ОРЫН, WBO БОЙЫНША 2-ОРЫН, ал жалпы есеп BoxRec рейтингі бойынша 35-орынға тұрақтаған.

ҰЛТТЫҚ ЖІГЕР



Бұрынғылар «туған жердің құмы түгілі – тасы да ыстық» депті. Тамаша тауып айтылған сөз екен. Астары терең, берер ойы зор дүние деп қабылдауға болады.

Қандасымыз өзге елде жүрсе де, өзінің қазақ екенін ұмытпады. Ұлттық жігерін жаныды, намысын қайрады. Онысын жұртшылық әлеуметтік желідегі сұхбатынан білді. Көзіндегі һәм көкірегіндегі ашы жастар әділетсіздікке төзбеді. Бұл тұсты қазбаламаймыз, арысын әркім өзі ізденер, түсінер деген ойдамыз.

Соншама әділетсіздіктер мен жол кесулерден соң, бір байламға келеді. Ақыры атамекенге қоныс аударуды көздейді. Сөйтіп, атымтай жомарт Бауыржан Оспановтың қолдауымен Қазақстанға оралады. Бүгінгі таңда еліміздің атын барша әлемге мәшһүр етіп келеді. Мұхит асып, Америка Құрама Штаттарына жөнелді. Шаршы алаңның шаңын шығарып, атой салуда. Шын мықтыға жүйрік жетпес деген осы шығар.

Қандасымыз қазақтың тақиясын басынан тастаған емес. Сонымен қоса, ұлттық ою-өрнек салынған шапанды үнемі жарыстарына киіп шығады. Лақап аты – Қазақ. Осының өзі өз ұлтын сүйетін, намысқой жігіт екендігін аңғартып тұр. Бұл дегеніміз, өз халқының дәстүр-салтына құрмет деп білеміз.

● ТҮЙІН:

Қазақтың атын жаһанға әйгілеп жүрген ер-азаматарымыз аман болсын. Ел арасында «Ерім дейтін ел болмаса, елім дейтін ер қайдан шықпақ» деген аталы сөз қалған. Дараланған дарабоздарымызды әрқашан ардақтайық. Өйткені, оғландарымыз тау көтерген Толағайдың ісіндей абыройлы іс атқаруда. Осы мақаланы оқып отырған жасөрен, сіздің мақсат-мұратыңыздың шамын жаға алсақ, озғанымыз.

Арманшыл қанатыңыз талмасын!

Бетті әзірлеген Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.



ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне

ЖАРНАМА беріңіз де,

ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 232-36-51;

8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫ ҮШІН ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС ҰЙЫМДАСТЫРЫЛАДЫ

Жазғы кезеңде алматылық оқушыларды жұмыспен қамту келесі бағыттар бойынша ұйымдастырылады:

Бірінші – 26 мамырдан бастап 17 маусымға дейін 1–8-сынып оқушылары үшін жазғы мектеп жұмыс істейді. Жазғы мектепте негізгі сабақтардан басқа дене шынықтыру минуттары, қозғалмалы ойындар, флешмобтар көзделеді. Оқушыларды шамамен қамту 30 мыңнан астам адамды құрайды.

Екінші – 7–13 жастағы балаларға арналған жазғы мектеп жанындағы лагерь екі түрде: толық күнге тамақпен және толық емес күнге тамақсыз жұмыс жасайды.

Жұмыс уақыты 2022 жылғы 1 маусымнан 27 тамызға дейін. 26 мыңнан астам бала қамтылады.

Үшінші – мектептерде спорттық секциялар, үйірмелер, студиялар, оқырман клубтары мен мектеп кітапханалары жұмыс істейтін болады.

Білім беру ұйымдарында жазғы кезеңде барлығы 1150 үйірме мен секция (бейнелеу өнері, тоқу, қолданбалы өнер, спорт секциялары) жұмыс істейтін болады. Қамту шамамен 28 мыңнан астам бала.

Төртінші – Алматыда жазда балалармен қосымша білім беру ұйымдары (Оқушылар сарайы, алты Оқушылар үйі, 44 жеке қосымша білім беру ұйымдары) жұмыс істейді деп жоспарланған.

Жазғы демалыс кезеңінде балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарында барлығы 1200-ге жуық үйірмелер мен секциялар қолжетімді. Оларға 28 мыңнан астам бала қамтылады.

Бесінші – қалалық және қала сыртындағы жазғы балалар лагерьлері. Балалардың жазғы демалысы бюджет қаражаты есебінен, сондай-ақ коммерциялық негізде ұйымдастырылады.

Сауықтыру демалысымен бірінші кезекте әлеуметтік осал санаттағы балалар: көпбалалы, аз қамтылған отбасылардан шыққан балалар, ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалар қамтылатын болады. Оларға 33 мыңнан астам бала қамтылады.

Мадина ТҮЛЕУХАН.

ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

Діни-ағартушылық жұмыстар басталды

Республикалық ақпараттық-түсіндіру тобы діни экстремизммен радикализмнің алдын алуға бағытталған жұмысын Алматы қаласында бастады. Ағымдағы жылдың 25 мамырында Алматы қаласында діни мәселелері жөніндегі республикалық ақпараттық-түсіндіру тобының мамандары қазақстандық қоғамның дәстүрлі, мәдени және отбасылық құндылықтарын нығайтуға бағытталған діни-ағартушылық шараларын бастап кетті. Шаһар тұрғындары мен діндарлары арасында діни экстремизмнің таралуының алдын алуға бағытталған рухани-ағарту жұмысын ұйымдастыру шеңберінде ірі кәсіпорындарда, сауда нысандары мен ғибадат орындарында бірқатар іс-шаралар мен кездесулер өткізілді.

Аталған кездесулерге РАТТ мүшелерінен осы саладағы жетекші эксперттердің бірі, дінтанушы Елнар Берікбаев, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің PhD докторы, белгілі теолог Құдайберді Бағашаров, «Нұр-Мұбарак» Египет Ислам мәдениеті университетінің «Дінтану» кафедрасының меңгерушісі Альбина Дүйсенбаева, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің «Дінтану және мәдениеттану» кафедрасының аға оқытушысы Руслан Сәрсембаев тартылды.

Ақпараттық-түсіндіру жұмысының бірінші күні қаладағы ірі сауда кешендерінен басталды, олардың ішінде: ұялы телефондар мен гаджеттер сататын «Аэровокзал» сауда орталығы, «Байсат» базары, «Мегатау» сауда кешені, «Сag City» мен «Барыс-4» сауда орталықтары бар. Шара барысында алматылықтарға Қазақстанда тұратын барлық конфессиялар мен этностардың бейбіт өзара іс-қимылы мен қатар өмір сүруіне, Қазақстан халқының мәдениеті мен рухани мұрасына, деструктивті жалған діни және радикалдық идеялардың зияндылығына бағытталған дін саласындағы мемлекеттік саясаттың мәні туралы ақпараттар берілді.

Сарапшылар діннің рухани-адамгершілік құрамдас бөлігі мәселелеріне, қазіргі қазақстандық қоғамдағы әйелдердің рөлі мен әлеуметтік мәртебесін арттыруға, сондай-ақ деструктивті діни ағымдардың әсеріне қарсы тұру шараларына ерекше назар аударды. Тындаушылар тарапынан да ақпараттық-түсіндіру тобының мүшелеріне бірқатар сұрақтар қойылып, тұщымды жауаптар алынды. Ақпараттық-түсіндіру және алдын алу шаралары ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Дін істері комитетінің арнайы жобасы аясында «Social Development Center» қоғамдық қорымен ұйымдастырылуда.

ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА

Жазыл да, ұтып ал!

Құрметті оқырман!

2022 жылдың екінші жартыжылдығына баспасөзге жазылу басталды. «Almaty aqshamy» газеті тұрақты оқырмандарымыз бен жаңа оқырмандарымызды редакцияның «Жазыл да, ұтып ал!» атты байқауына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ойнатылады.

Байқауға қалай қатысуға болады?

«Almaty aqshamy» газетіне 2022 жылға жарты жылға жазылу керек. 2022 жылдың 25 маусымына дейін газетке жазылғаны жөніндегі түбіртектерді көшірмесін «Жазыл да, ұтып ал!» деген белгісі бар конвертке салып, редакцияға жолдаңыз. **Редакцияның мекенжайы:** ҚР, 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің қиылысы), №21 бөлме, тел.: 8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61 немесе сканерленген жазылу түбіртегін (тақырып – «Жазыл да, ұтып ал!») alatayaqparat@mail.ru электронды адресіне жіберу керек.

Назар аударыңыз! Өзіңіздің толық аты-жөніңізді және мекенжай мен байланыс телефонын көрсетіңіз.

Қай жерде жазылуға болады?

«Казпочта» АҚ барлық бөлімшелерінде, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС және «Дауыс» ЖШС.

2022 жылға жартыжылдыққа жазылу қанша тұрады?

Жекелеген оқырман үшін (жазылу индексі – 65503) – 3603,00 теңге.

ҰОС ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедектігі бар тұлғалар мен көпбалалы аналарға (жазылу индексі – 95503) – 2643,00 теңге.

Тек жарты жылға толық жазылған оқырмандар ғана қатыса алады.

Сыйлықтар 2022 жылдың 29 шілдесінде «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз бақылаушының қатысуымен өтеді. Женімпаздардың есімі 2022 жылдың 4 тамыздағы газет санында жарияланады.

Сәттілік серік болсын, құрметті оқырман!

Анықтама телефондары: 8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61.

БАЛАЛАР ЖЫЛЫ – 2022

Үлкен мүмкіндіктер алаңы




«Аяла» әлеуметтік қызмет орталығы КММ-нің қызмет алушылары Халықаралық балаларды қорғау күні қарсаңында өткен «Алматы БАЛАФЕСТ» балалар фестиваліне белсене қатысты.

Фестивальдің «Түстер әлемі» атты байқауына Д.Мусин, А.Русакова, Р.Закиров, А.Маменова, С.Туева, М.Самохвалов сынды балалардың белсене атсалысуына еңбектерінің маңызы зор. О.В.Рахматулина мен А.Әмзә көп еңбек сіңірді. Осы байқауда Д.Мусин «Алматы – менің сүйікті қалам» атты номинация бойынша 1-орын алып, қалалық 3-кезеңге жолдама алды. Ал, «Палитра талантов» номинациясы бойынша 2-орынды М.Самохвалов пен А.Русакова иеленді.

Сондай-ақ, «Алматы – менің сүйікті қалам» номинациясы бойынша М.Самохвалов 2-орынға, С.Туева, А.Маменова 3-орынға ие болды. «Шебер балақай» номинациясы бойынша Р.Закиров, Р.Рахматулин, Д.Мусин, М.Тұрлыбекова Мақтау қағазымен марапатталды. «Алматы БАЛАФЕСТ» фестивалі ерекше қажеттіліктері бар балалардың шығармашылық, зияткерлік қабілеттерін ашу үшін үлкен мүмкіндік алаңына айналды.

Нұрғайым ДҮЙСЕНБАЕВА,

«Аяла» әлеуметтік қызмет орталығының директоры.



«Almaty aqshamy» газетінің ұжымы мен «Alatay Aqparat» ЖШС **Жанат Шаймарданұлы СЫДЫКОВТЫҢ** қайтыс болуына байланысты марқұмның туған-туысқандарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел.: 232-36-54.

WEB-редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама бөлімінің
менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail:
dalemesh@vecher.kz

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына: 259-88-99
(ішкі 20500, 20018) телефондары
арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru

Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Рая ЕСКЕНДІР

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортндағы жолаушыларға қолжетімді.



1 МАУСЫМ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУ КҮНІ

Жақсылыққа
құштар қызНұржамал
ӘЛІШЕВА

Мәдина жуырда, нақтырақ айтсақ, оқу жылы аяқталар алдында мектепшілік жарыстан бас жүлдені жеңіп алды. Осы бір мінезі орнықты, қарапайым, ибалы да инабатты қызды жақынырақ тану үшін сөзге тартқан едік.

Шахмат ойыны қаншалықты сабырлы болса, жасөспірімнің бізге берген жауаптары да сондай орнықты, тұшымды шықты. Мәдина Ран Алматы қаласындағы «Кемел» физика-математика мектебінің 5-сыныбын тәмамдады.



Шахмат ойынына деген қызығушылығын әуелі әкесі Аянбек оятқан көрінеді. Шахматты үйреткен де әкесі екен. Кейіндеу ынтасы арта бастағасын шахматшы-ұстазы Нұрахмет Мырзабайұлының тәлімін ала бастайды. Бүгінге дейінгі жетістігі – мектепшілік жарыстан бас жүлде алды, ал қыздар арасында 1-орынды иеленген. Алматы төріндегі Баулан Шолақ атындағы Спорт сарайында өткен арнайы разряд алу сайысына қатысып, ол биікті де бағындырды. Бүгінде жоғарғы разрядтар алуға дайындық жасап жүр.

Шахмат адамды төзімділікке, сабырлы болуға баулиды. Ой ұшқырлығына да, тез шешім қабылдай білуге де үйретеді. Шахмат жарысы кезінде маған ең алдымен қарсыласты жеңуге деген құлшыныс және «патшаға» шах қоюды алдын ала екі-үш жүріс бұрын ойлап алу маңызды, – дейді Мәдина.

Қазір ұстап жүрген шахматтың әкесі сыйлаған. Барлық сайысқа дәрет алып, тазаланып барып қатысатын көрінеді, сонда жеңіс те өзінкі. Ал дәрет алмай шыққан күні ұтылып қалатынын жасырмайды.

Ол – жан-жақты, сан қырлы қыз. Жақсы нәрсенің бәрине уақыт тауып жүреді. Сондықтан тек шахматпен шектелмейді, одан бөлек математика, жаратылыстану және биология пәндерін өте жақсы көреді. Би мен домбыра үйірмелеріне де аса ықыласпен қатысады.

Бос уақытын тиімді өткізуге қатты мән береді. Кесте тігеді. Қазақ әндерін сүйіп тыңдайды. Фантастикалық кітаптар оқығанды жақсы көреді. Гарри Поттер туралы фильмді көруден жалықпайды. Бұл картина оны адам қиялы жете бермес небір фантастикалық, философиялық астарға толы қызықты оқиғаларымен баурап алады.

Ол көпшіл. Сондықтан досы да көп. Олар басы қосылғанда келешек туралы әңгімелеседі.

Мәдина Аянбекқызы болашақта бастауыш сынып мұғалімі болғысы келеді. Себебі, ол кішкентай бұлдіршіндерді жақсы көреді, олардың тәтті тіліне маз болып қуанады. Балалар ешқашан мұңаймасын, бақытты, білімді болсын деп тілейді.

Мәдина, егер сен әлдебір ірі шахмат сайысынан қомақты қаражат ұтып алсаң, оны қайда жұмсаған болар едің? – деген сауалымызға:

Егер менің қолыма көп қаражат түссе, ол ақшаға балаларға арналған киім-кешектер, әдемі ойыншықтар сатып алып, бәрін балалар үйіне апарып сыйлар едім, – деп жауап берді.

Үлкен жүректі кішкентай қызға шахмат жүрістерінде де, өмір жолында да еш жаңылмай, тек биіктерден көріне бергін деп тілейміз.

«Балаларға ерекше назар аудару керек. Себебі, олардың аمانдығы – мемлекетіміздің жарқын болашағының сенімді кепілі».

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

Балалар
жылы
2022БАЛАЛАР – БІЗДІҢ
БОЛАШАҒЫМЫЗ!

Балалар қиялымен бейнеленген әр сурет өзіндік ерекшелігімен жиналғандарды тәнті етті

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күні мерекесі қарсаңында Төтенше жағдайлар департаменті ТЖ органдары ардагерлері қалалық ұйымының қолдауымен балалар суреттерінің байқауын ұйымдастырды. Байқау 3 жас пен 12 жас аралығындағы балалар арасында өтті.

Жас буынның шығармашылық қабілеттерін тереңдету, асфальтта сурет салуға деген қызығушылықтарын арттыру, эстетикалық талғамын, әр тақырыпты аша білу танымын дамыта отырып, әдемілікке, әсемдікке тәрбиелеу мақсатында ұйымдастырылған шығармашылық іс-шараға 70-тен астам өрт сөндіруші-құтқарушылардың, диспетчерлердің және басқа да қызметкерлердің балалары қатысты. Онда балалар отбасы туралы, өрт сөндіруші мамандығымен байланысты барлық нәрсені қамти отырып суреттер салды. Балалар қиялымен бейнеленген әр сурет өзіндік ерекшелігімен жиналғандарды тәнті етті.



Ал құрамына ардагерлер ұйымының өкілі Александр Ли, ТЖД және өрт сөндіру қызметінің қызметкерлері кірген байқау комиссиясы түрлі жас санаттарындағы жеңімпаздарды анықтап, барлық балаларға естелік сыйлықтар мен тәттілер үлестірді.

Байқау қорытындысы бойынша 1-орынды Жасмин Өмірбекова алды. Оның анасы Айнұр Диханбаева Алматы қаласы ТЖД Өрт сөндіру және апаттық-құтқару жұмыстары қызметінің құжаттамалық қамтамасыз ету тобының инспекторы болып қызмет атқарады. Алматы қаласы ТЖД Өрт сөндіру және апаттық-құтқару жұмыстары қызметінің байланыс күштері мен құралдарын жедел басқару орталығының инженері Дәулет Қушқурбаевтың қызы Аэлин Дәулетқызы да 1-орынға ие болды.

2-орынды Нұрай Ермек пен Шатмира Уладиева иеленді. Нұрайдың әкесі Нұрбол Өтегенов №10 бөлім бастығының орынбасары қызметін атқарса, Шатмираның әкесі 14-ӨСБ қарауыл бастығы болып жұмыс істейді.

3-орынды №13 өрт сөндіру бөлімінің инженері Лаура Катжанованың қызы Меруерт Ерболқызы, сондай-ақ №13 Өрт сөндіру бөлімінің аға инженері Эльмира Қанқожаеваның қызы Алуа Қызырбай алды.

Іс-шара соңында азаматтық қорғау ардагері Гүлшат Дәуренбекова барлық балаларға байқауға белсенді қатысқаны үшін алғыс айтып, жасөспірімдерге өз елінің дені сау, мықты, ақылды және лайықты азаматтары болып өсуге тілек білдірді.

